

544.337


3-33

Есслан  
Зикібадев  
Акын  
аңғылшы

И

И

23180



Қандай үшқыр бүгінде қиял, арман...  
Тастұлектей шырқаған ұялардан,  
Бір биікке жетсөң-ақ,  
Бір биігі  
Қол былғайды құздардан, қиялардан...

Есілдік  
Зікібаев  
Акылайдын

Өлеңдер  
мен поэмалар

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
Алматы — 1980

8A Каз2  
393

023180

### Есләм Зікібаев

393 Ақ айдын: Өлеңдер мен поэмалар.— Алматы: Жазушы, 1980.—136 бет.

Ақынның жаңа жинағына соңғы жылдарды жазған жаңа шығармалары енді. Ол өз туындыларында туған елге, ескен жерге деген перзенттік махаббатын паш етіп, шыныры сыр шертеді. «Уақыт үні» поэмасы — балалық шағы Улы Отан соғысының өртіне шарылған сол кездегі балғын урпақтың көңіл күйі, бүгінгі жастарға айттар жүрек сезі.

Каз2

3 70700—152 94—80 4702230200 © «Жазушы», 1980.  
402(05)—80

Сот

Майрамбек

Библиотека


город НЕТРОПАВЛОВСК

012

---

## **Бірінші бөлім**

---



**Қарағым-ау!**

Мені туған жазира дала мынау,

Алқабы — егін жайқалған,

Алабы — бау.

Төсіндегі көп көлдер мөлтілдеген

Құралайдың қарақат жанары ма-ау!

Кетпесем де шығандап, шалқып бірден,

Кезім жоқ жеңілді іздең,

қалқып жүрген.

Қында да қиялап жолға шықам,

Қаршадайдан ат жалын тартып мінгем.

**Демеймін:**

— Басқалардан артықпын мен,

Құнанам еңбек етсем балқып бір дем.

Сол еңбектің арқасы —

Ұғын, балам,

Кездерім шаттықпенен шалқып күлген.

Тербел түрған ойы мен қырда дәнін

Сыры да,

Жыры да ... көп бүл даланың.

Әкеме атам айтыпты,

Мен әкемнен

Талай-талай ақызын тыңдағамын.

Тыңдағам да,

Кеудеме құйып алғам,

Талай-талай тарихтың сыйы қалған.

Бабамызды қаншама қан қақсатып,  
Сергелдеңмен сенделткен күйік-арман.

Кездер болған құтынан жұты басым,  
Бір мәрте ұтсақ,  
Мың мәрте ұтыласың.  
Тағдыр салған қыл бұрау —  
Тақымыца

Батады,  
Қайда барып құтыласың.

Кей жылдары алапат өрттен жаман,  
Аштық пенен айықпас дерт жайлаган.  
Қайда апарып құярын біле алмаған —  
Ерлерінің жанында кек қайнаган.

Кек қайнаган,  
Өн бойын ыза бұған,  
Елес-арман алдаған,  
Қыза қуған.  
Талай мәрте құлаған қапылыста  
Құтылам деп тағдырдың тұзағынан.

Құтылам деп мерт болған.  
Тұра алмаған,  
Адастырған сан соқпақ бұраңдаған.  
Шыңға шығар кезінде шығандыған  
Шыргалаңнан шырмалып шыға алмаған..

Тар қапаста тас тағдыр бабамызды  
Бір емес,  
Екі де емес...  
Мың алдаған —  
Өміріңе сабақ ал бұдан,  
балам.

Мына дала —  
Сол дала. Қара, күнім!  
Кекірегі шер-шемен,  
Жанары мұң,  
Өткізген жер жеті атақ балалығын.  
Енді міне дүниені дүбірлетіп,  
Жеткізген жер Замана даналығын.

Мына дала —  
Сол дала. Қара бүгін,  
Құшағына толтырып лала гүлін  
Өткізген жер әкең де балалығын.  
Жыр еткен жер,  
Қолынан түлеткен жер  
Қысығында күлкі ойнап жанарының.  
Қара бүгін сол жерге.  
Қара, күнім!

Көрдің бе әне —  
Менің де құрдасым жүр,  
Көрдің бе әне —  
Сенің де құрдасың жүр,  
Әке-бала бізге ұсап сырласып жүр,  
Құлақ қойып азырақ тыңдашы бір  
Жас-көрігे үақыты,  
Бақыты ортақ —  
Дүниені түлеткен тың ғасыр бұл.

Екеуді де ақ дәнді сапырады.  
Екеуді де ақ дәмге шақырады.  
Теңіз болып телегей жатыр әне  
Дән-дария толқыған атырабы.

Бұл далада жігіт бол гүл де тергем,  
Бұл даланы суарғам күнде термен.

Он сегізде —  
Өзіңдей өндір кезім,  
Тыңға келгендерменен тың көтергем.

Тың көтергем,  
Тың жерге түрен салғам,  
Іркіп қалмай барымды түгел салғам.  
Білгің келсе әкеңді,  
Ең алдымен  
Сұрап ал ана отырған Түген шалдан.

Түкенің дүрілдеген жас күні еді,  
Бір колхоз —  
Төрт ауылдың бастығы еді.  
Сөзге ұста,  
Ақылға кен, әрі икемді,  
Қолы да бір кісідей бас біледі.

Дер шағы.  
Домалап түр тасы да өрге,  
Сонда да қыр көрсетпес тасып елге.  
Әр істі дәңгелентіп жіберетін  
Тіл тауып кәрісімен, жасымен де...

Бәлкім ол баласынды әлде мені—  
Кеп сейлеп, кейбіреуші сәндемеді.  
Есімде:  
— Жолдамамен оқытамыз,  
Әзірше тіркеуші бол бар,— дегені...

Иә, солай,  
Тіркеуші бол тың игердім —  
Тілгілеп тілерсегін шиыр жердің.  
Несіне жасырайын,  
Алғашқыда  
Құлан аспас қиядай қының көрдім.

Әрі тарих,  
Әрі бұл әмірбаян,  
Бәрі шындық —  
Ете алман жоғын баян.  
Сүтпісірім таңдарда ұйқым қанбай  
Жүргенім бүгінгідей көңілге аян.

**Өмірбаян —**  
Мен елмен тың көтердім,  
Тірліктің несібесін күнде тердім.  
Экем маған үйреткен қаршадайдан:  
«Ел мереійін өсіру — міндегі ердің!»

Жынырма бес жыл —  
Қысы бар, жазы да бар.  
Тында тұған қашшама қазына бар.  
Талай-талаң көңілде базына бар —  
Әні де бар,  
Таусылмас сазы да бар.  
Кеудем менің күйсандық жазып алар.

Жан емеспін керіліп күй таңдаған,  
Біліп жүрсін кей мұндар қиқаңдаған.  
Нан бар жерде ән барын жастай үқісан  
Сенің әкен, үялма — діқан, балам!

**Қазірде де білемін наң қадірін,  
Наң өмірдің үзігін жалғады мын.**

Нан жоқ жерде байлықты таңдады кім  
Өзің үшін алдымен дән сеуіп ал  
Бұла күшің бойында барда, күнім!

Алқабы — егін жайқалған,  
Алабы — бау,  
Бас еншің — атамирас дала мынау.  
Осы жердің қасметін түсіне алсаң,  
Қор болмайсың өмірде, қарағым-ау,  
Түсіне алсаң, жарадың,  
Жарадың-ау!

Заулап әлі-ақ өтеді сері күнің,  
Жастықтың да басарсың желік үнін.  
Менің де әкем айтулы диқан еді  
Дейтін болсын ертең күн сенің ұлың,  
Ұқтыра алсаң....  
Ғанибет тегі мұның.

Ұзақ жолда жақсы да,  
Жаман да ... бар —  
Ұлым!  
Ұлың алдымен саған қарар,  
Жеті атамнан қалған жер саған қалар,  
Дән себер диқан-баба аман болса,  
Айналайын далам да аман болар,  
Аман болар!

Өтті бір жыл —  
Өтті бір жыл тағы да,  
Жаңа жылдың алаулады таңы да.  
Өтті бір жыл —  
Бір ғасырға бергісіз,  
Бақыт болып ұялаған жаныма.

Өтті бір жыл!  
Кәне, бізге не берді,  
Қай биікке шығандатты ер Елді.  
Ұлы тарих таразысы өлшейді  
Бергенім не,  
Алғаным не дегенді.

Шаттығымды —  
Шабытымды шайқаған,  
Жыл, меніңше —  
Шет-шегі жоқ байтақ ән.  
Мың тоғыз жүз жетпіс жеті — Елімнің  
Алпыс асқар асуы деп айта алам.

Арман, арман...  
Таусылмайтын мол арна,  
Адамзатты жетелейді жолы алға.  
СССР-дің Ұлы Заңы жаңғырды —  
Бұдан асқан Бақыт-Бастау болар ма!!

Елдігімді,  
Ерлігімді жыр еткен,  
Құла дүзге қала салып...  
Гүл еккен,  
Замананың Ұлы Заңын күллі әлем  
Құптаң жатыр иғі, ізгі жүрекпен.

Адамзаттың ақыл-оый,  
Арманы  
Фарыштарға,  
Алыстарға самғады.  
Партияның даналығы, дарыны —  
Дүниенің бейбіт атқан таңдары.

Өтті бір жыл —  
Елдігімнің айғағы,  
Тендердігімнің,  
Кеңдердігімнің айғағы,  
Арман құсы ақ қанатын жайды әне.  
Келе берсін жақсы жылдар Ілең!  
Көңілдерде көктем есіп,  
Гүл есіп.  
Ақпанда да арайлы өлкем жайнады.

Шаттығымды,  
Шабытымды шайқаган —  
Әрбір жылым — шетсіз, шексіз байтақ ән.  
Келер жыл да — Кемелді жыл болады  
Деген сөзді сенімменен айта алам!

## Сүйбет сыры

Осыдан бірнеше жыл бұрын бір аяғы қара санынан кесілген орта жастағы адамның Брест қорғанындағы құлпытасты құшақтап, сүйіп жатқан суреті көптеген газет-журналдарды шарлап шықты. Бұл — бұрынғы жауынгер, қазірде ғылым докторы, Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры Владимир Иванович Фурсов еді.

Бұл сурет жыр ақтарып,  
Сыр шертеді қарасаң.  
Бұл сурет адам болып —  
Тіл қатады қаласаң.

Ерен біткен жас жігіттің  
Жанарында жас толы.  
Еміреніп қарсы алғандай  
Қара сүйқ тас та оны.

Қос жанарда мөлтілдеген  
Жан жасыны — тамшының  
Жайып салып тұрғаны ғой  
Көкіректің бар сырын.

Ұғамын мен,  
ұғады оны  
Барша адамның жүргегі.  
Кезінде жас,  
бірақ енді  
Көзілі күндей күледі.

Рас қазір тастамайды ол  
Қолда балдақ-таяғын.  
Осы арада жерлеп кеткен  
Жерлеп кеткен аяғын.

Осы арада бала шағын,  
Әсем ойын балдырған.  
Асыл арман, сыр сезімін,  
Қимас кезін қалдырған.

Ол кездерде құрбылары,  
Володя деп атайдын.  
Он тоғызда жас жігітті,  
Алды соғыс қатайдып.

Сұм соғыстың үскірігі  
Ет жүргегін тоңдырды.  
Арманының балғын гүлін  
Бал-бұл гүлін солдырды.

Жиырма жыл өткеннен соң,  
Қайта оралды осында.  
Құшақтады тірі қалған  
Таныстарын досын да.  
Құшып сүйді қасиетті,  
Топырағын даланың...  
Құшып сүйді сұық қара тасын да.

Жылдар өтер,  
Жер бетінен талай ұрпақ алмасар.  
Дәуірлер де көшер талай,  
Тарих көші алға асар.

Бабалардың ерлігіне  
Талай ұрпақ мақтанар.  
Сонда да бұл сурет сыры  
Жүректерде сақталар.

Ұақыт үні

**(Лирикалық поэма)**

Тында, ғалам,  
Мені де тында бүгін,  
Жеткізейін жаңыңа жылдар үнін.  
Ақтық демі таусылып,  
Тынбады кім!  
Соның бәрін еске алып,  
Ер көңілмен  
Жырлайтұғын күн екен шын да бүгін.

Шын да бүгін —  
Күн екен серпілетін  
Қуанышқа құлагын ел түретін.  
Шын да бүгін —  
Күн екен көңілдердің  
Күйсандығын бабына келтіретін.

Отыз бес жыл —  
Жеңіс күн оралғалы,  
Отыз бес жыл —  
Бақытты толы арналы.  
Шаттығымның шүпілдеп тогандары,  
Қасырет күн Жерімнен жоғалғалы.

**Құнамын,  
Қамығу жоқ үнімде,  
Сайрайтындаі сан бұлбұл көңілімде.  
Гүлзар баққа айналды өмірім де,  
Өмірім де,  
Өрісті өңірім де...  
Бірақ,  
Бірақ...**

Балғын шақ елестерін —  
Біздің ұрпақ басынан не кешкенін...  
Ұмыта алмай жүрмін-ау соны мұлде.

Мың жылда да,  
Бір апта, бір күн емес —  
Балалық шақ оралып бір түнемес.  
Ол күндердің бізге артқан зіл салмағын  
Ұмыта алман,  
Ұмыту — мүмкін емес.

Түсім қашып,  
Өнім сәл бозарды ма,  
Албыраған алау жұз тозар мына.  
Өз-өзімнен қаламын мұңға батып  
Оралғанда өткендер көз алдыма.

Көз алдыма өткендер оралды ма —  
Онда қайта от денем тоқар мына.  
Мұңға батып қаңтардай қалтырадым,  
Балалығым жүрдай боп тоналды да.

Кешір мені,  
О, дәүір, кешір мені,  
Кеп ойымның үйіні шешілмеді.  
Көз алдымда әлі де кейбіреудің  
Кекірентеп,  
Кеуде ұрып есіргені,  
Алып шықсам деп едім сол күндердің  
Бір суретін сақталған есімдегі.

Керіністей шаңқай түс,  
Бесіндегі  
Бәрі-бәрі —  
Әлі де есімде еді.

Жел де,  
Сел де,  
Несер де...  
Бір бояуын  
Көшірмеді —  
Жадымнан өшірмеді.

Арба тарттым,  
Шөп шаптым,  
Соқа айдадым...  
Бексеріліп өкшеден шоқайларым.  
Ана сүті аузымнан кетпей жатып,  
Көрдім не бір өмірдің қоқайларын.

Көнергемен көп ізім таныс әман —  
Кейде ойша солармен қауыша алам.  
Саралаймын,  
Саламын таразыға...  
Бірақ қайсын түгендеп тауса алам.

Уақыт-түлпар аптығып-алқынбайды —  
Кейде — шаттық,  
Кейде — мұң, зар тыңдайды.  
Софыс салған суреттер көз алдында  
Таразының тіліндегі қалтылдайды.

...Он бірде едім —  
Су тарттым комбайнга,  
Менде ерік жоқ,  
Не кәсіп, таңдайын ба  
Күнжазақта нәр сыйбай жүрдім кейде,  
Судан басқа дәм тимей таңдайыма.

Комбайнышы елдегі Жанахымет —  
Жас еді келе жатқан жаңа түлеп.

Ертеменен тербетіп оятады  
Таң алыс,  
Болса да әлі қаратүнек.

Жол бойы Тасқұдықтан су аламыз,  
Айбасты да қандырып сұаралымыз.  
Келген сәтте от алса моторымыз —  
Тірілгендей әкеміз қуанамыз.

Қуанамыз шаттанып, алақайлап,  
Терін сұртіп,  
Қолына малақайды ап,  
Көзі күліп, қағады жауырынымнан:  
«Міне, бүгін жарадың, балақайлап».  
Соның бәрін көzlіне түйіп алып  
Тұп-тұнық боп жатады дала-қаймақ.

Сирек бақыт әттең-ай ол дегенің —  
Шалшық болып шығады көл дегенің.  
Бір күрк етіп көбіне қайта өшеді,  
Көргенімнен көп екен көрмегенім.

Білмесе де шіркіннің тілін анық,  
Екі жеңін сыйбана түріп алып,  
Деп кейде:  
— Байқамадық мұны не ғып,  
«Шек—қарының» жатады жайратып сап  
Комбайнның астына кіріп алып.

Дейді маған:  
— Эй, бала, тыңда бәрін  
Уақыт қымбат,  
Кәнекей, тұрма, жаным:  
Содан болар —  
Моторды алмастырып,  
Комбайнды айналып зыр қағамын.

Кілт керек пе,  
Жәкеңе әперемін.  
Май керек пе,  
Сол замат әкелемін.  
Бірақ мотор маңқылып міз бақпайды  
Таба алмайды жас жігіт әттең емін.

Тіле деді,  
Тіледім, амалым не —  
Жалбарынам құдайға, табарым не!  
Ақ қайыңдар қайысып қабырғасы,  
Мұңаярдай менімен дала бірге.

Қиналады Жәкең де,  
Мен де бірге,  
Қолдан келер дәрмен жоқ дем беруге.  
Не көмегің,  
Не ақылың тимеген соң  
Көлеңкедей ердің не,  
Ермедің не!

Қанын ішке тартқандай міз бақпайды,  
Болғаны ма бүл шіркін бізге-ақ қайғы.  
Бүкіл ауыл қараған комбайнның  
Тағдыры қай жүректі сыздатпайды.

Дағдарып, дел-сал қүйде дым бітірмей,  
Жансызға — жан,  
Тілсізге — тіл бітірмей  
Отырамыз салымыз суға кетіп  
Екі жарты қосылып —  
Бір бүтіндей.

Ортақ қайғы,  
Ортақ мұн,  
Ортақ арман —

Бұлаң құйрық тұлкідей жортады алдан.  
Қарын қашан тояды қара наңға,  
Көңіл қашан толады орталанған.

Қасарысқан тағдырдың тас сараңы-ай,  
Болар еді құпиясын ашса қалай.  
Бармағымды шалғыға шалдырып ап  
Қарақошқыл қан саулап қақсағаны-ай.

...Көтеріліп қалды күн тас тәбеле,  
Еткен еңбек,  
Төккен тер босқа өле ме,  
Әлде тағдыр шынымен өшіге ме  
Көнбейді әрі, өнбейді ештеңе де.  
Енді өзіне ұрсады Жанахымет —  
Келістім деп осыған баста неге.

«Әттең-ай!» деп қағады таңдайын да,  
«Бақытсыз!» деп соғады маңдайын да.  
Басу айтып жігітті жұбатардай  
Тіл жоқ мына тас керең комбайнда,  
Үн жоқ мына қоршаған тал-қайыңда.

Қыр басында жол жатыр иректелген,  
Ол да үнсіз,  
Мұңлы бір күй бектерген.  
Мен ойлаймын:  
Қаңқитып Тораңғылдан  
Өгізбенен несіне сүйреп келген.

Айтып-айтпай не керек, ол күндерде  
Бізге бақыт, қуаныш сирек келген.

Адам емес, сыбап бір тілдейтүғын,  
Өгіз емес, сабап ап жүр дейтүғын.

Көк темірге не дерсің қадірінді,  
Қасиетінді бағалап-білмейтүғын.

Тұрып қалды небары бір айналып,  
«МТС-те жөндеп ем бір ай барып.  
Бүйтіп кешкен тіршілік құрысын!»— деп  
Ыңға бұған жас жігіт жылайды анық.

Бір темірін сұрып алады да,  
Тұрған қалпы жас тұнып жанарына:  
Дейді маған өзінше мұзын шағып,  
— Күйіп кетті, құрыды, қара мына.

«Қап!»— деп қоям ештеңе білмесем де,  
Мәлтілдеп жас менің де түр «кесемде».  
— Тез ауылға жетейік, айналайын,  
Айбасты ағыт, болмайды жүрмесе елге,  
Жинал шапшаң, барасың бірге сен де.

Дейді —

Бәрін мен үнсіз құп аламын,  
Үйқандаймын көзінен, сірә, бәрін.  
Сәби жүрек егіліп кетеді еken  
Көрген сәтте жігіттің, жылағанын,  
Жылатпластай тапсам той бір амалын.

— Бұл не!— деймін ештеңе білмесем де,  
Мәлдір тамшы шайқалып түр «кесемде».  
Мен де бірге кетемік Жәкеңменен,  
Жапырайып артына мінгесем де,  
Ем іздеген бейбақтай бір кеселге.

Өтіз мінген немене,

Жараса ма —  
Жақындағық ауылға,  
Қарашы ана,

Асықандай бейне бір тамашаға  
— Көке, мені артыңа мінгестір,— деп  
Шулап алдан шығады бала-шага...

Түсім қашып,  
Өңім сәл бозарды ма,  
Зымырап жылдар талайдан озар мына.  
Қалдым міне тағы да мұңға батып,  
Өткен күндер оралып көз алдым.

Өткен күндер оралып көз алдым,  
Шежіре-тарих тағы да сөз алды ма.  
Бұлбұл үні тербетіп төңіректі  
Көюжиектен қысқа таң бозарды ма.

Сол жерлермен мінекей жүріп келем,  
Кеудем толы арманмен, үмітпенен.  
Мұң мен шерді көтеріп көк өгіздей  
Кете берген жылдар-ай жігіт-желең.

Көп болған-ды,  
Көп болған көрмегелі,  
Тал қабықтан ат қамши өрмегелі.  
Тәтті түсті барқырап таң алдында  
Басқарманың дауысы бөлмегелі.

Қан жауғандай қатулы қабағы әлі,  
Бір қадалса, сол жерден қан алады.  
Көз алдында ауылға келе сала  
Ақ сақалды Бектүрді сабағаны.

Әрі шебер,  
Әрі аңшы,  
Әрі сері —  
Күллі ауылдың бетке ұстар кәрісі еді.

Ақ сақалдың десті жүрт киесі атар,  
Тірі жүрсек, көрерміз әлі сені.

Қатын-бала,  
Кемпір-шал,  
Бәрісі де...  
Қарар болды үреймен әр Ісіне.  
Бейсен бастық бүйідей тиді жұртқа —  
Жасы түгіл,  
Ауылдың кәрісіне.

Бәлкім,  
Бәлкім бұл теңеу артық шығар,  
ызасы отсе демей де қайтып шыдар.  
Нениң артық,  
Нениң кем екендігін  
Шындық өзі шыныраудан тартып шығар.

Кәрі тарих мәрмардан қашағандай,  
Тура қарар шындыққа тасаланбай.  
Жетінізсем бе деп едім мен де соны  
Әділетке қиянат жасап алмай.

Қатуланып келді ме басқарма тік —  
Талай көзден кетеді жас парлатып.  
Ерекессе аузыңа нәр татырмас  
Көз әлдүнда жатсаң да аштан катып.

Содан болар,  
Бетіне келмейді ешкім,  
Не күшпенен,  
Не сөзбен жеңбейді ешкім.  
— Бұл шіркіннің,— деседі ел,—  
сүйеуі көп,  
Шағым — арыз және де бермейді ешкім.

...Білем өзім —  
Бірді айтып, кеттім бірге,  
Ел запысын ерлермен шектім бірге.  
Соғыстан соң тойған жоқ бірден қарын,  
Жеңіс елге келген жоқ тек бір күнде.

Бозғыл тартып келеді дала таңы,  
Өткеніце дегендей қара тағы.  
Жаңалықтың жұртында мына бір шоқ —  
Өлген жері атамның сары атаны.

Кешір мені,  
О, дәуір, кешір мені,  
Өлмеді өмір,  
Үміт те кесілмеді.  
Тоқтатпады үақыттың керуенін  
Есерсоқтау Бейсеннің есіргені.

Айтып-айтпай не керек,  
Кесірлі еді —  
Көңілдерде көп түйін шешілмеді.  
Бір суретін кеудемнің қойнауынан  
Жайып салдым, ағайын, есімдегі!

Жылдар өтті зымырап үақытпенен,  
Ашыны да, тұщыны татып келем.  
Адам да шат,  
Бұл күнде далам да шат,  
Басқа келіп қонды өзі бақыт деген.

Кімнің кім екенін ел танып көрді,  
Жақсыларға ұсынды халық төрді.  
Ақ сақалдың,  
Ақ дәмнің киесі ұрып,  
Бейсеніміз бірер жыл барып келді.

Тасырлық мол қашаннан сыңайында,  
Дейтін еді:  
— Иіліп, сынайын ба.  
Барып келді «дәм-тұзы» шеттен тартып»,  
Кеткен еді ұмытып «құдайын да».

Еңбек десе қоятын асын жерге  
Жанахымет ырыс бол ашылды елге.  
Комбайны көтерлі көк өгіздей  
Ырық бермей жүретін басында ерге,  
Домалатты бүгінде тасын да өрге:

Әдетінше жымылп әрдайымғы —  
Күмбірлетіп кеудене балдай үнді,  
Бақ-ырыс деп ашатын маңдайымды,  
Мақтап алып жөнелер комбайнды.  
Айтса айтқандай, қашан да мол тынысты  
Миллиардтар арнасын толтырысты  
Өрге сүйреп Өрнек пен Жарғайыңды.

Қындықсыз қуаныш бастала ма,  
Күә дала,  
Күә оған аспан ана —  
Мотор сырын ұға алмай күні кеше  
Соққылаған маңдайын жасқа қара  
Еңбек бүгін көтеріп биігіне  
Қошеметпен қол соқты астана да.

Омырауында Жұлдызы —  
Еңбек Ері  
Жәкеңе кім аймақта тең келеді.  
Басып кеткен ізіне гүл біtedі,  
Молшылықтың моншағы тербеледі.

Көтерілген еңбекпен бақ-таланы,  
Кір шалмаған азамат, аппақ ары.

Жанахымет ауылынан боламыз деп  
Жерлестері әр жерде мақтанады.

Алға тартты дер ме екен не үшін мені  
Кетті аталып талайдың есімдері.  
Қайтсе-дағы шындыққа шық түсірмей  
Жайып салдым суретті есімдегі.

Уақыт өтер,  
Күндер де озар мына  
Кете берер түндер де өз алдына.  
Асып-тасып «тәүбемнен жаңылыссам»  
Әкелемін откенді көз алдым.

Өткен күндер таусылмас сабақ маган,  
Есеп берем қадамыма әр аттаған.  
Жұзіне мұң түнеген жасты көрсем  
Жәкендей ойлап сондағы қарап қалам.

Календардың бетіндеги парақтаған —  
Күндер өтіп барады —  
Сабақ маган:  
Жақсыға да,  
Жаманға жолығамын,  
Есеп берем қадамыма әр аттаған.  
Сонда жүртты жылатқан содыр көрсем,  
Бейсен емес пе екен деп қарап қалам.

Бәлкім,  
Бәлкім мұным да артық шығар,  
Ызасы өтсе,  
Демей де қайтып шыдар.  
Нениң артық,  
Нениң кем екендігін  
Шындық өзі шыңыраудан тартып шығар.

Мөлдіріндей тамшының тұмадағы  
Адалдық пен адамдық сыналады.  
Ақиқаттың көзіне шөп салам ба!  
Өкпелетіп алам деп бір ағаны.

Әткен өтті,  
Кім оны қайтарады,  
Жалған сейлеп қайтып жан жәй табады.  
Мен үндемей шындыққа көз жұмғанмен,  
Менен басқа біреулер айтады әлі.

Айтады әлі,  
Бірін де жасырмайды,  
Кемітпейді,  
Және де асырмайды.  
Шындық әсте ешкімді басынбайды,  
Шындық әсте ешкімге бас ұрмайды.  
Сол шындықты аитпасам өзім бүгін  
Алабұртқан көңілім басылмайды,  
Қарауытқан аспаным ашылмайды.

Уақыт үні қашан да құлағымда —  
Жалғасатын Ұлы арна,  
Ұлы ағынға.  
Еркінмен тыс әрдайым еске аламын  
Бала күнді —  
Ішімнен тынамын да,  
Таусылмайтын тағылым бар сірә мұнда.

Тыңда, Ғалам,  
Мені де тыңда бүгін!  
Жеткізейін жаныңа жылдар үнін.  
Ақтық демі таусылып,  
Тынбады кім,  
Асқарларға арманын бүрмады кім,

**Соның бәрін еске алып,  
Ер көңілмен  
Жырлайтүғын күн екен шын да бүгін!**

**Мың жылда да,  
Бір апта, бір күн емес —  
Балалық шақ оралып,  
Бір түнегес.  
Ол күндердің бізге артқан зіл салмағын  
Ешқашан да ұмыту мүмкін емес!  
Мүмкін емес!!!**

## Былардың етік

Жылдар етіп барады зымыраган —  
Әжем ылғи айтатын мұны маған.  
Жастықтан ба,  
Алаңсыз мастықтан ба  
Ұқпайды екен көп сөздің сырын адам.  
  
Бала күнде көп көрдік таршылықты,  
Соғыс ерте шыңдады,  
Ар шынықты.  
Өмір деген еріксіз әкеледі  
Кез алдыңа бүкпесіз бар шындықты.  
  
Жүректерді балауса қыс қармады,  
Асыл арман мұқалды —  
Үшталмады.  
Сол қалпымен біржола оралмады  
Балалықтың біздерден ұшқан бағы.  
  
Ақпандагы Арқаның қысы қандай,  
(Кейбіреулер қалар ма түсіне алмай!)  
Азаматты аязы қалтыратып,  
Ақ бораны атанды ұшырардай.  
  
Өңменіңнен өтеді желкемі де,  
Ішер тамақ,  
Киімнің кем тегі де.  
Жыртық етік,  
Өлең шөп ұлтарағы.  
Айтсам қазір үқсайды ертегіге.

Таң азаннан кетеміз сабан іздең,  
Жанымызда жазылмас жарамыз көп.  
Ойламаймыз сонда да томпаң қағып,  
Үсіп-тоқып бір жерде қаламыз деп.

Құлақтардың сан талай тыз еткені,  
Жыртық-жамау етіктен сыз өткені...  
Бәрі-бәрі есімде бүгінгідей,  
Болмасақ та жауынгер күзеттегі.

Ес жинадық —

Кетті көп жылдар етіп,  
Шынар болдық бұл күнде шықға бекіп.  
Әйтсе-дағы сол бала күндеңідей  
Кигім келіп тұрады былғары етік.

## Чылгындар

(Толғай)

Өтеді күндер,

Өтеді айлар —

Жылдар да...

Жайқалып гүлдер —

Тұрады тұнып қырларда,

Өскелен өмір —

Сәулетті өңір —

Көңілде жыр бол шалқиды.

Жүретін нәзік пернесін басып,

Сезімің тасып —

Тартасың ойша сан күйді.

О гүлдер әсем —

Қызыл да жасыл, көкпеңбек.

Көз жауын алар —

Қырқада гүлдер неткен көп.

Сондықтан біздер осы бір шақты шүақты

Мақтаймыз дәйім көктем деп.

Есімде әлі —

Ол кезде сәби баламын,

Ойнағам қуып сағымын туған даланың

Құрдас көп —

Біздер жүгіріп желмен жарыстық —

Ал енді маған бүгінде соның бәрі ыстық.

Есімде әлі —

Жайдары көктем болатын

Бар еді менің өзгеден ұшқыр тал атым.

«Бәйгеден» дәйім шалдырмай дара келетін

Анашым мәз бол қалатын.

Бала бол қызық күндерді көрдім мен талай —

Қыс пенен көктем алмасты кинолентадай

Тарихқа келді қырық бір

Шүақты көктем

Арайлы күндер құйып нұр.  
Осындаш шақта алапат соғыс кенеттен  
Қырғын боп тиді еліме —  
Сұмдық, О неткен!  
Демеуші ек бұрын:  
Не киіп ертең, не ішелік  
Азamat болдық бір күнде түгел есейіп,  
Балалық қалды,  
Еркелік қалды жайына,  
Күңіреніске толды көктемнің көрікті айы да  
Майданға кетті әкелер тегіс ағамен,  
Бұлықты жасқа аяулы жеңге ана мен,  
Сәнменен салар ақ торғын — шәйі шәлісін  
Аз күнде-ақ олар ауыстырып алды қарамен,  
Күңіренді мұнды шеруін тартып бар әлем.  
Майданға кетті ауылдың нелер ардағы  
Ақ шашын жәйіп әжелер артта қалды әне!  
Сағымдай бейне бұлдырап асыл арманы.  
Қызығалдақ гүлдей арулар бүршік жармады.  
Есімде әлі —

Соғыстың ауыр жылдары  
Талайдың балғын бақытын солар үрлады,  
Көп үйдің мәңгі түндігі мұлдем жабылды,  
Соғыстан қайтып оралмай абзал ұлдары.  
Кейісі келді құрбан қып жарты денесін!  
Кеудеде шыбын жаны бар —

сол да демесін.

Сыздайды жүрек,  
Сыздайды жаның дариға-ай  
Еске алсаң сонау азалы күндер елесін.  
Біреулер келді айырылып екі жанардан,  
Көрген жоқ елін соғыстан соғы жаңарған.  
Көрген жоқ жүзін зарыға күткен жарының,  
Көрген жоқ жүзін елдегі жас пен кәрінің,  
Көрген жоқ дүние-ай аңсаған асыл анасын —

**Көрген жоқ тұңғыш баласын!**  
Арманым шіркін болмас-ау — дейді сырлассаң  
Бір шолып өлсем Жер менен Көктің арасын.  
О адам жаны не деген ғажап сірі еді  
Жарылып қалай кетпейді екен жүргегі  
Дүние — думан!

Көрмейді-ау шіркін бірін де  
**Кеудеде жалын —**  
Сонан да өлмей жүреді,  
**Ойласаң жаны —**

Темірден бәлкім жарапған  
Ыстық жас ыршып кетеді кейде жанардан.  
Ол үшін бірдей атқан таң менен батқан күн,  
Дариға-ай соның бәрі арман!  
Жара көп жанда —

Таусарсың айтып қай бірін  
Шемен бол қалды сүм соғыс салған  
қайғы-мұқ.

**Көңілге медеу —**  
Берген жоқ ерлер намысын  
Батырып жаудың ай, күнін —  
Танытты солай елімнің ерен айбынын  
Сонан да біздер қарсы алып әрбір көктемді —  
Айтамыз сыр тып,  
жыр қылып дәйім өткенді.

Орнасын бақыт, еліме байлық,  
ырыс — құт —  
Тілейміз барша әлемге тегіс тыныштық  
Көңілдей әсем құлпыра берсін ұлы өмір,  
Жайқала берсін гүл өстіп.

Өтеді күндер,  
Өтеді айлар —  
Жылдар да...  
Үрпақтан бізде жасырар әсте сыр бар ма!  
Арайлы таңды қарсы алған сайын бәріміз

Жасымыз, мейлі кәріміз  
Тағызым етіп тұрайық  
Біз үшін жанын пида еткен абзал ұлдарға.  
Тұрсыншы біздің көңілде дәйім күн күліп,

Сенбесін мәңгі —  
Сенбесін мәңгі нұрлы үміт  
Ағалар жазған ерліктің ұлы шекіресін  
Жеткізу парыз ұрпақта сыр ғып,  
Жыр қылыш!

**Уа, Адамдар!**  
Дүниені билеген —  
Сендерге тән —  
Әсем әуен, Күй деген...  
Айтыңдаршы,  
Жер — жаһанда не қалды  
Құдыретіңе келіп басын имеген.

**Уа, Адамдар!**  
Табындырған ғаламды,  
Айтыңдаршы,  
Кім сендерден бар әлді.  
Хиросиманы ойран еткен бомба да  
Аядай алақаныңда жарапды.

**Уа, Адамдар!**  
Айтыңдаршы —  
Не ойладың  
Шығарғанда атом Жердің ойранын.  
Бабалардың жасап берген Мұрасын  
Көрген сәтте «бір құмаләқ» жойғанын.

**Уа, Адамдар!**  
Әміршісі ғаламның  
Мен сендердің тағдырыңа алаңмын.  
Қайтер едің жұлып кетсе бір қолын  
Әумесердің атқан оғы балаңың.

Ауылыңды егер өрт шалып,  
күл қылса,  
Қарлығаш бол су сеплес пе ең тым құрса!  
Атылмас па ең жолбарыс бол жауыңа  
Өз үйіңің бір бүршысын сындырса.

**Уа, Адамдар!**  
**Құдыретті Адамдар —**  
**Күллі Әлемді өз үйім деп қараңдар.**  
**Бар баланы өз балаңа балаңдар,**  
**Сақ болыңдар, Жарандар**  
**Әр қайсыңың қолыңда**  
**Мына жалпақ ғалам бар.**

**Уа, Адамдар —**  
**Айға атылған армандар!**  
**Жақсылықты жақсылықпен жалғаңдар.**  
**Игілікті, ізгілікті таңдаңдар.**  
**Әмір кілті қолдарыңда сендердің**  
**Абайландар —**  
**Тек түсіріп алмаңдар!**

## Октябрьді жырлаймын (Толғау)

Шалқы, шаттық!  
Арнаңан асып-төгіл.  
Шалқы, шаттық!  
Бақытқа ғашық көңіл.  
Бүгін менің кеудемнің кең қоймасын  
Кемеріне сыйғызбай тасытты өмір.

Тасытты өмір барымды,  
Бақытымды...  
Жарқыратып, жайнатып жаһұтымды.  
Зымырatty космостық жылдамдықпен  
Күні жылға бергісіз уақытымды.

Қуат бардай бүгінгі күнімде ерен,  
Сыйға тартқан уақыттың гүлін көрем.  
Қас батырдай қайратты құрбыларым,  
Замана заңғарынан күлімдеген.

Зерлі дала салтанат-сәніменен,  
Күйіменен,  
Тербелген әніменен,  
Айлы түні,  
Арайлы тақыменен...  
Бүгінгі қуаныштың құрметіне  
Жыр-байғазы күткендей бәрі менен,  
Болашағы биіктө әлі де ерен.

Алаңдары,  
Сыр тұнған бау-бақтары,  
Шатқалдары,  
Тебіренген тау қапталы,  
Жасыл шырша,

Ақ қайың аулақтағы...  
Мерекенің бүгінгі құрметіне  
Жыр күткендей қамалап,  
қаулап бәрі.

Қоңыр салқын күз лебі,  
Таң самалы,  
Қарағайы,  
Терегі,  
Аршалары...  
Табиғаттың, тірліктің барша-бәрі  
Бақыт жәйлі  
Және де үақыт жәйлі  
Бір әуенге қосылып ән салады,  
Дүние мұлгіп тыңдайды, тамсанады.

Ән салады —  
Адамзат мұратындай,  
Үн қосады тау, өзен, жыра тынбай.  
Тіршіліктің бәрі де Бақыт хорын  
Асқақ шырқап айтуға тұратындай.  
Соның бәрі бүгінгі салтанаттың  
Сұлұлығын, сымбатын құратындай.

Елдік жайлы жырлайды,  
Ерлік жайлы,  
Кеңдік жайлы жырлайды,  
Теңдік жайлы.  
Ұлы Ленин қолымен жасақтаған  
Партия — Бастаушымыз деп жырлайды.

Октябрь дабылынан қанаттанған  
Жер — жаһанға нұр болып тарапты арман.  
Оны бүгін көреміз шар тараптан  
Шеру тартып шалқыған парадтардан.

Далалардан,  
Қаһарман қалалардан,  
Заводтардан жасарып жаңаланған.  
Болашаққа шақырып шамшырақтай  
Октябрьдің алауды жанады алдан.

Жұмысшыны,  
Диқанды,  
Малшыны да...  
Шақырып арманындағы Ар шыңына.  
Ертеңге олар барады қадам басып  
Шомылдырып қиялын таң шығына.

Соны көріп қуанам шалқып мен де  
Көкірегім шаттықтан балқып демде.  
Мен қосылсам, асқақ бол естілердей  
Бақыт хоры шырқаған ән тіптен де!

Сол үшін де қосылам бар әніммен,  
Қандай бақыт тірлікте жана білген.  
Өрлігі бар үнімде асқар таудың,  
Шекіздігі және де даланың кең.

Дала болып жырлаймын Октябрьді,  
Дана болып жырлаймын Октябрьді,  
Ана болып жырлаймын Октябрьді.  
Ақын болып жырлаймын —  
Дүниеге  
Жарық берген арайлы Ақ таңымды!

(Толғай)

Тың!  
Тың арман,  
Тың қиял —  
Тыңнан тұған  
Тың — Ерлік,  
Ілеңтірген күнді артынан.  
Тың төсінде дән емес,  
Ән де,  
Жыр да,  
Адамдар да...  
Бәрі де тыңнан тұған.

Тың — түлектер,  
Жапанда қала салған.  
Тың — жүректер,  
Табысқан қаласа арман.  
Тың — Асқарлар,  
Алдында Алатаудай  
Талай биік —  
Бас иіп, аласарған.

Тың — тарихтың беттері алтындаған,  
Тың — халықтың кетпені жарқылдаған.  
Тың — Елімнің ерлігі,  
Болашаққа  
Жақыннатқан тағы бір жарқын қадам,  
Сенімменен күтетін әр күнді Адам.

«Тыңды» оқысам...  
Кеңілім нұрланады,  
Нұрланады,  
Айналып жырға бәрі.

«Тыңды» оқысам,  
Телегей теңіз болып,  
Алтын масақ самалмен ырғалады.

«Тыңды» оқысам,  
Тағы бір серпілемін,  
Сезінемін жаңарып,  
Жер түлеуін.  
«Тыңды» оқысам,  
Көремін Тыңда туған  
Құрыш қанат,  
Құрыш күш —  
Ел түлегін.

«Тыңды» оқысам,  
Айрықша бақ табамын,  
Тың Елімнің көтерді бақ — таланын.  
Тың Ерімнің көтерді бақ — таланын.  
Жаңын түгіл,  
Бұл қазір жатқа мәлім,  
Ең алғаш тыңға түрен салғандардың  
Салында болғаным мақтанамын.

«Тыңды» оқысам,  
Келеді тың ой маган,  
Танымастай өзгерді қыр-ой, далам.  
Компартиям қашан да халқыменен  
Елдің қамын Ленинше бір ойлаған.

Нұрландырып тірлікті жалғасымен,  
Уақыт — өзен ағады арнасы кең.  
Тарих ізі қалады табиғатта  
Фасырларға жететін таңбасымен.

Тыңда қанша өмір бар,  
Өлмес өмір.  
Кезбен емес,

Көңілмен көрмесе кіл,  
Қиялың да қиянға шырқамайды  
Өзек етіп өлеңге өрмесе бір.

Қанаттыда мекен ғып ұлар ғана  
Сағым кезіп,  
Шаң бүған мұнар-дала.  
Тізе бүгіп алла емес,

Адамдарға

Байлық болып қайта ақты тың арнада.

Тың арнада —  
Толықсып кемеріне,  
Береке боп,  
Құт болып ер Еліме  
Тың келеді миллиард мерейіндей  
Бұдан асқан Бақыттың керегі не.

Өзгерді Ел де бүгін,  
Ер де бүгін  
Түлегін тұғырында тербеді күн.  
Демеевтер,  
Довжиктер,  
Ивановтар...  
Зейнетін көрді көзбен еңбегінің.

Тың — менің алаулаған жыныра жасым,  
Жалыным өн бойыма сыймағасын  
Ақпанның аязында қызыуммен  
Достарды жылыштым десем —

Иланасың.

Тың — менің Ерлігім де,  
Ерлігім де...  
Ақызға айналды рас ол бүгінде.

Жастықтың жасампаздық құдыретін  
Ұлы Елім еңбегімнен көрді күнде.

Ауырды да откердім,  
Жеңілді де...  
Жер-Анаға көп бердім терімді де.  
Мениң жиырма жасымның отеуіндей  
Жайнады Жер,  
Жасарды Елім міне!

Жайнады Жер,  
Жасарды Елім міне,  
Шынықтырып шындағы сенімді де.  
Тыңда таптым жаным мен жаны ұғысқан  
Өміріме әр берген теңімді де.

Бәрі болды,  
Қызық та,  
Қыындық та...  
Арты — Бақыт,  
Замана сыйынды ұқса.  
Асу бермес астық сан асулардан  
Достықтың қалыбында құйылдық та.

Табиғатқа табынып сұрағанды  
Ұмыттық,  
Ұмыттырыдық сірә мәңгі!  
Дүниеге паш етіп Ерлік даңқын  
Адам тыңды түлетті,  
Тың Адамды!

Жылжи ағып жылдан жыл озар алға  
Бірақ біздер жасаған тоза ма арна.  
Жоқ!  
Тозбайды!

Сеніммен айтам әр кез  
Мінбесінен Тарихтың сөз алам да.

Тың!  
Тың арман,  
Тың ойлар —  
Тыңдан тұған  
Тың — Ерлік  
Ілеңтірген күнді артынан.  
Тың төсінде дән емес,  
Ән де,  
Жыр да,  
Адамдар да...  
Бәрі де тыңдан тұған,  
Өзгермейді ол сол үшін тың қалпына

## Шалқылма

Соңғы екі жылда мемлекет қоймасына екі миллион пүттән астам астық құйған Солтүстік Қазақстан облысындағы «Баянауыл» совхозының еңбеккерлеріне арнадым.

Баян ауылы,  
«Баянауыл» атанған —  
Күнгө қолын созып жүрген,  
Озып жүрген қатардан.  
Ел көңілі көтерілсе,  
Көкейде  
Күмбір қағып,  
Қалықтамай жатар ма ән.

Жазда келдім,  
Жерін көрдім жайқалған,  
Егін көрдім —  
Көк теніздей шайқалған.  
Көкірегіне күннің нұрын қондырған  
Елін көрдім,  
Ерін көрдім майталман.

Арманына тұғыр еткен асқарды,  
Көрдім қия асуладан асқанды.  
Ерлерімен Ел көңілі арымас,  
Қарттарды да көрдім талай жаны жас,  
Көрдім және ел ағасы —  
жастарды.

Бірі — құрбы,  
Бірі — іні,  
Бірі — аға —  
Әрқайсына берген өмір сыйага.

Өз ісіне жетік бәрі, ғұлама  
Жер зергепі —  
Диқан баба шетінен  
Осы аүылға жиналған-ау сірә да.

Сөйлеп кетсе,  
Біреуінен бірі асқан —  
Ізгі ниет ігі іспенен ұласқан.  
Ер еңесін көтерердей көюкиек  
Берекелі нұрын құйып тұр аспан.

Ел мерейін,  
Ер мерейін асырган,  
Жауқазындай жасыл белес, жасыл маң.  
Диқандардың маңдай тері —  
жер нағірі,  
Қырман таулар,  
Қызыл бидай —  
асыл дән.

Күз де жетті,  
Сыналар шақ таянды,  
Тағы келдім,  
Тағы көрдім Баянды.  
Дән маржаны —  
Ән маржанына астасқан  
Асып-тасқан ақын көңілі аян-ды.

Аға,  
Іні,  
Құрбыларым жаздағы  
Қуанышты,  
Жас балаша мәз бәрі.  
Миллионның толқынына тоғысып  
Көкірегімде жыр алауы маздады.

Жоғары ұстап ер еңбектің гүл-гүлін  
Шалқы, шабыт.  
Шалқы, шаттық жыр бүгін.  
Тудай биік көтерейік,  
Көрсін ел  
Ақындар мен Батырлардың бірлігін!

## Шынымды айтсам...

Диқан бауыр!  
Бармысың, аманбысың,  
Жылдағыдай биыл да алаңбысың!  
Кек торғынға көмкеріп —  
Жазирадай  
Жасандырып қойыпсың даланды шын.

Даланды шын қойыпсың жасандырып,  
Жердің сырын алғансың қашан біліп.  
Өмір шыңдап өсірген өрлігің бе  
Жас та болсаң,  
Көрмедім жасаң қылық.

Кеп жасаған көнедей парасатың  
Жақын тартып жақсымен жанасатын.  
Ақыл-оїың,  
Мінезің салиқалы  
Ердің бес қаруындай жарасатын.

Сөйлеп кетсең тереңнен тебіреніп,  
Жердің жәйін ойлайсың еміреніп.  
Шынымды айтсам,  
Өкіндім диқан болмай,  
Ақын боп тұғанымға сені көріп.

## Арқаға

Биігім,  
Ұшқан ұям — Арқа менің,  
Дүманға, мерекеге дархан елім.  
Жанымның жалындаған сағынышын  
Өзіңе сыйға балап тарта келдім.

Тесімде көктемгі әсем қызғалдағың,  
Өмірдің өр шыңына жүзді арманым.  
Бойыма асылыңды бердің құйып,  
Сен менен ештеңе де қызғанбадың.  
Па, шіркін!  
Көрікті еді дала қандай,  
Сұлулық —  
Бәрі өзінен тарағандай.  
Кетер ме қыып тастап қайтқан құс та,  
Артына қайта айналып қарап алмай.

Ұлыңмын сендей әсем, паң даланың  
Бүгінгі мерейіңе таңданамын.  
Кеудемді күмбірлетіп күйге ораган  
О, менің қасиеттім —  
**Арман әнім!**

Жұлде алып жүрмесем де жан асырмай —  
Көңілім сахараңың даласындай.  
Өлеңім — саған деген махаббатым,  
Көзімнің ағы менен қарасындай.

**Ақлан —**

Ақ қардан даланың көрпесі,

Ақ шуда таудың да өркеші.

**Ақ боран —**

Ұлиды бейне аш берідей,

Айнала тұғғызық, долы үрей.

Мұндана тартқандай сырнайды,

Бір сәт те тынбайды —

Өлкенің «жүгендің еркесі».

**Боз айғыр —**

Үйірдің басы бол жүретін,

Адамнан зиялы,

Жерді де білетін,

Шынардың серігі жастайғы,

Табандап желге аяқ баспайды,

Жылқылар ұйығып ықтайды —

Мұндайда мал тұрмақ бас қайғы.

**Болсын аз,**

**Көп мейлі,**

Асықсан үақыт та өтпейді.

Тәуліктен барады әрі асып,

Дүлеймен тартысып,

таласып.

**Жапанда жылқымен бір өзі**

Ықтап жүр Шынарбек адасып.

**Ақпанның ақ түтек бораны,**

Ұлиды,

Үйіре соғады.

Өн бойын қариды сұық леп,

Қойыны-қонышы жентекке толады.

О, дүлей меңіреу,  
мейрімсіз  
Қаһары бітпепті,  
мол әлі.  
Өзінің құдыретін танытып,  
Сақылдап күлгендей болады.  
Үскірік ұлиды үдей кеп,  
Қажыған адамда үрей көп.  
Қорқаулар жүр ме екен айналып,  
Түз тұрмақ торитын қораны.

— Шы-на-ар-бек!..  
Естілді бір дауыс кенеттен,  
Қағып ап кетті оны жел өктем.  
Тағы да,  
тағы да,  
тағы да...  
Шығыпты бес атты Шынарбек бағына.  
Таң ата оралды қыстауға,  
Өзі де,  
шығынсыз малы да.

...Қазірде Шынекең сол жайды  
Сыр қылып,  
Жыр қылып толғайды.  
— Шырагым,  
жылқышы өмірі  
Қындық-қатерсіз болмайды.

Демеңіз кім айтты,  
Қария шын айтты.  
Шілдеде аптабы,  
Ақпанда бораны...  
Күтпеген жайлардың  
бәрі де болады.

«Асылы Шынарбек,  
Қыынға қайыспас шынар» деп  
Өрелі өнерін ұғуға —  
Жастардың бәрі де  
Жүреді құмар бол.

## Ұстаз

Қаншама осы бір сөздің ұлылығы,  
Қаншама осы бір сөздің жылдылығы.  
Жеткізіп айта алмай жүр құдышетін  
Шалқыган шар-тараптың жыры мұны.

Ақын да,  
Кеудесі кең ғұлама да  
Ұстазға тағзым қылмай тұра ала ма!  
Ойлайтын ұрпақ қамын ұлағатпен —  
Ұқсайды ол ақ тілеулі ұлы анаға.

Сәби келді,  
Сәби келді өмірge —  
Әке болдым,  
Түсім бе, әлде өңім бе.  
Бүгін, достар, бір қылау жоқ кеңілде,  
Биік бүгін керегем де,

Толтырғандай көлдей көңіл арнасын,  
Келді үйіме,  
                          Келді міне жалғасым.  
Менің енді тілейтінім ұлым  
Өмір-байге жарысынан қалмасын.

**Өткеніне өкінбестей соңара,  
Білек түріп түссін талмай додаға.  
Өз бақытын өзі жеңіп алмаса,  
Тірлігінің мағынасы бола ма!!**

## Бишиң қайындар

Биші қайындар,  
Биші қайындар!  
Арудай әсем бұралған.  
Тербеліп желмен —  
Жас жүректерге  
Ұялатасындар мұң, арман.

Биші қайындар,  
Биші қайындар!  
Тыңдал ап самал саздарын,  
Би тіліменен жеткізесіндер  
Көңілдің алау — маздағын.

Бурабай көлі,  
Бурабай тауы —  
Тербеліп бірге сендермен.  
Тебіреніп көкте тұған ай тағы  
Билеріңе әсем дем берген.

Биші қайындар,  
Биші қайындар!  
Сұлулық сырын ұқтырып.  
Қойнында — әлем,  
Қойдындар әмен —  
Ғашық жандарды күпті ғыл.  
Баурап алдындар,  
Жаулап алдындар  
Жалынға толы жанымды  
Не деген ғажап мықтылық!

## Таулар

Таулар,  
Таулар,  
Төбесі көк тіреген —  
Қас батырдай көрінер шоқтығы ерен.  
Етегінен шыңына қарағанда  
Ақша бұлтқа кіріп түр өткір емен.

Баурайында — қарағай...  
Гүл де өседі —  
Ұшар басы аспанмен тілдеседі.  
Осылай Көк пен Жерді жалғастырған,  
Екі елдің елшісіндей күн кешеді.

Жаһанға мақтанардай бар асылы —  
Әр таудың қыран жетпес дара шыны.  
Жаратқанда-ақ Биіктік табиғаттың  
Тауғағана сыйлаған жарасымы.

---

## **Екінші бөлім**

---



**Уа ағайын, сейлейін —  
Сөз бердің бе,  
Ұлыңмын той жаралған сөзбен бірге.  
Шамырқанбай шыдайын қайтып қана,  
Қадалғанын көрген соң көздер кімге.**

**Тұғырықнан серпілген қырандайын —  
Мына отырған сендерге ұлан-ғайым  
Жүргегімнің мәп-мәлдір қайнарынан  
Бәріңе жыр арнайын.**

**Жыр арнайын үлкенің, кішіңе де...  
Білесіндер ақынның күші неде.  
Арасына жыл салып келмей қалсам,  
Әрқайсың жүресіндер түсіме ене.**

**Беру қын сезімді суреттей  
Мен сендерді көремін құдыреттей.  
Әкелмесем бір сәтке көз алдымға  
Қояды күнім өтпей.**

**Уа ағайын, сейлейін сөз бергесін  
Демендер тек салқындал өзгергенсің.  
Мауқым ептеп басылды —  
    Үлкен, кіші...  
Өздерінді есен-сау көз көргесін.**

Сөз деген құдырет

Жазамыз, сызамыз —  
Жазамыз, сызамыз,  
Бөгде елге азаптай бұ нағыз.

Сөздердің тізбегін құрамыз,

Құрамыз,

Қайтадан бұзамыз,

Сырын да,

Шынын да басқадан

Тереңдеу ұғамыз.

Өзіміз ұғамыз —

Сиқырдай сыр барын,

Әр сөздің артында сын барын,

Алдыңда шың барын —

Сол үшін өтеді:

Күндерің,

Айларың,

Жылдарың.

Сөз деген құдырет —

Келтіріп кестесін тапқанға

Алаудай маздайды ақпанды,

Жауқазын секілді гүл жарған

Аязда —

ақ қарда.

Сөз —

менің Бақытым,

Барым да,

Сөз менің ожданым,

Арым да...

Сөз —

менің Құатым,

Мұратым...



## Жазысынан даң тән жаңынан даң

Көңілімде бір түйткіл,  
Айтайын ба,  
Талайлардың тұнығын шайқайын ба.  
Әлде мен де әліптің артын бақыш  
Жандарға ұқсан,  
Аңысын байқайын ба:

Байқайын ба бір шоқып,  
Екі қарап...  
Жердің астын кезгендей жеті қабат.  
Ойдағымды істермін содан кейін —  
Дегеніме алған соң жетіп әлі-ақ.

Кел — көңіл де көрінер бөлсек кішік,  
Қарайын ба алды-артымды өлшеп-пішіп.  
Қыран емес,  
Торғай да тірлігінде  
Қанатының қауқарын көрсетті ұшып.

Өлшеулі өмір,  
Құш-қуат —  
Бірлігінде  
Ұластырып Күнді —  
Түн,  
Түнді — Күнге  
Ел бақытын баләған өз бағына  
Не бір жайсаң жан таппай жүр бүгінде.

Өлшеулі өмір,  
Өлшеулі тірлігінде  
Атыстырып астыртын бірді бірге.  
Талайларды төздірып табанынан,  
Қорқаулар да күн кешіп жүр бүгінде.

Біреулерге біреулер бере ме ақыл  
Кім біліпті тынарын немен ақыр.  
Жақсылық пен жамандық —  
Күн мен Тұндей  
Итжығыспен тірлікте келе жатыр.

## Жаныма кейде батады

Ұлылар бар жерде ұрылар-дағы болады,  
Олар да мына пәни жалғанның қонағы.  
Мерейі үстем бірінің,  
Мәртебесі ылғи жоғары —  
Ал, бірі дәйім халықтың қуанышын ұрлап — тонады.

Мерейін елдің есіріп,  
Әлемге кеткен атағы —  
Жақсылар жүрген жолменен жаман да өтіп жатады.  
Балшәрбатын да өмірдің солармен бірдей татады,  
Шынында өмір ғажап қой,  
Сонда да осы заңдылық  
Жаныма қатты батады.

## Өлеңді қайтіп жазамын

Қойши, аға, атқа мінбеймін,  
Жаяу-ақ барам, жаяу-ақ.  
Ренжі мейлің, күл мейлің,  
Қайтемін жанды аялап.

Жаспын ғой әлі, ағажан,  
Көрмесем жолдың азабын.  
Ұғады нені бала — жан —  
Өлеңді қайтіп жазамын.

Туады қайтып жақсы өлең,  
Білмесем өмір сырларын.  
Білмесем досты, қас пенен,  
Білмесем ой мен қыр барын...

Өлеңді қайтып жазамын,  
Суығын күннің сезбесем.  
Өлеңді қайтып жазамын,  
Қияны, құзды кезбесем.

Қыннан келсін жырларым,  
Демеймін:  
«Шабыт, көктен кел!»  
Еңбекпен өтіп жылдарым,  
Жүдесем өзім сөкпеңдер.

## Мұрсат бер

Уа, табиғат!

Мына байтақ даламды,

Мына байтақ ғаламды

Керу үшін —

Бір сәтке

Күн көзіне айналайын,

Мұрсат бер.

Дүниенің сұлулығын —

Шырайын

Бағдарлайын,

Қынының шыдайын

Жер — жаһанды бір айналып шығайын

Бәрін-бәрін өз көзіммен көрейін,

Шұғымды, шұғыламды төгейін.

Тұн тұнекте —

Зар бол сәуле — жарықта

Тал қармаған қанша зағип-ғаріп бар

Аңсан жайсаң гүл кезін

Соның бәрі күтетіндей Күн көзін.

Бәрін соның көру үшін көзіммен

Құат керек,

Мұрат керек төзім мен.

Уа табиғат!

Сол үшін де бір сәтке

Күн көзіне айналайын —

Мұрсат бер!

## Дәрігер

Сен үшін жақының да, алсың да,  
Тұсың,  
Бейтансың,  
Танысың да...  
Кетеді бірдей болып,  
Зыр қағасың  
Келген соң сенім артып бәрі шын да.

Қиналса науқас адам,  
Сен де бірге  
Қиналасың —  
Жетесің дем беруге.  
Ең жақынын көргендей құанады,  
Қасына күлім қағып келгенінде.

**Оралған екі ұдайда бақ құсындаі,  
Жүзіңен жаңға дауа —  
Тапты шырай.  
Тұратын кірпік ілмей шекарада  
Сен оған тіршіліктің сақшысындаі.**

Алаудай әр жүректе жана білген,  
Атыңды ана білген, бала білген.  
Мейірлі, нұрға толы жанарыңа  
Сеніммен, қуанышпен карадым мен.

## Мен ақынмын ба

Мен ақынмын ба!  
Ақынбыз деп жүргендер жетеді әлі,  
Айбары Айдан да асып кетеді әрі.  
Жұрт бермеген бағаны өздері алып,  
Даурығады —  
Білмеймін, не табады!

Мен ақынмын ба!  
Осы сауал мазалап жұр жаңымды —  
Жаза алдым ба жұрт сүйер жыр — жалынды.  
Айта алдым ба өрнектеп өлеңменен  
Жәй сөздермен бере алмас сырларымды.

Мен ақынмын ба!  
Мұндай сауал —  
Көп жерде қинайды әлі,  
Талайдың-ақ бар шығар шимайлары.  
Халық ондай атақты пір тұтады —  
Өлеңшінің бәріне қимайды әрі

Десек те:  
«Өз күшіне сенеді әр кім!»  
Сұрайтындағы осыны менен әр күн.  
Сол сауал мазалайды мені дәйім —  
Ел елең ететіндей не бере алдым.

Мен ақынмын ба!  
Жыр жазғанмен —  
Балаға,  
Ересекке...

Айта алмаймын —  
алды ма ел есепке.  
Сол сауалды қалдырса деп отырмын —  
Оқушыға және де Келешекке.

## Қыс

Жаз ғұмыры соншалық қысқа ма еді!  
Күз де етті,  
Қылышты қыс та келді.  
Бұрынғыдай бау-бақты сәнгे бөлеп,  
Сайрамайды сауықшыл құстар енді.

Бәрі ұйқыда —  
Не деген тыныш шақ бұл,  
Дем алғандай табиғат тыныстап бір.  
Бірақ Аяз-атаның өзінің де  
Қаңтар келіп,  
Денесі құрыстап тұр.

Ешкім шығып көрмеген басына әлі  
Дірдектейді таулардың тасы-дағы.  
Сондықтан да көктемге  
Жанды тұрмақ,  
Жансыздардың өзі де асығады.

## Кейде бір...

Кейде бір ой теңізін кешемін де,  
Жәй жүрем,  
    Тек тірліктің есебінде.  
Тимейді досқа дос бол пайдам да аса,  
Сондай-ақ,  
    Жоқ дұшпанға кеселім де.

Ондайда өзімді өзім түсінбеймін,  
Ойы жоқ,  
    Қиялы жоқ...  
    Мұсіндеймін.  
Күн болып жая алмаймын жылұымды,  
Түн болып түндігімді түсірмеймін.

Мені жоққа бірақ та санамаңдар,  
Кеудемнің сән-сарайын араландар.  
Өзгеге ұқсамайтын мінезім бар,  
Сонымен мені дәйім дараландар.

Бірде кеншімін,  
Бірде елшімін.  
Күлме, дос,  
Сен!  
Шыным!

Бірде батырмын,  
Бірде ақынмын.  
Бірде жер өндеп —  
Дән сеуіп жатырмын.

Берген-ау сөзге ерік —  
Құлақ естімеген,  
Көз көріп  
Құбылма дермісің  
Сәт сайын тұратын өзгеріп.

Иә, мен ойдамын,  
қырдамын...  
Көтерем тылсымның тыңдарын.  
Елшинің,  
Кеншинің,  
Ақынның,  
Батырдың...  
Бәрінің міндетін атқарар  
Ұлдарым, қыздарым —  
Сырларым, жырларым!

• • •

Көрмегелі,  
Көп болды-ау көрмегелі,  
Кеңілімнің қайдасың кек дөнені.  
Шабытымның қайдасың шамшыл оты,  
Өрен жүйрік жеткізер ерге мені.

Билеп бір сәт бойымды артық ағын,  
Шамырқанам,  
Қияға шарқ ұрамын.  
Шарқ ұрамын ұмытып өзімді өзім  
Қайтып қана шабыстан тартынамын.

Сәйгүліктей сайлаулы кермедегі  
Шалқы, шабыт!  
Отырғыз ерге мені.  
Дүниені кезейін дүбірлетіп,  
Кеңілімнің сабылтып кек дөненін.

## Іздел келем

Мен — жоқшымын,  
Бар талай жоғалтқаным,  
Жүріп келем — үміт бол қол артқаным.  
Қансонарда із кесіп, аң құғандай  
Жер бетінің қараймын жолақтарын.

Кім біледі,  
Жоғымды табамын ба,  
Қалтарыс көп жұмыр жер танабында.  
Кім біледі,  
Мен тіпті болашаққа  
Жоқшы болған қалпыммен барамын ба.

Іздел келем —  
Іздеуден жазбай келем,  
Ертеңімді көктемдей, жаздай көрем.  
Іздегенім сол ма екен,  
Көкірегімде  
Кей сәттерде алау бол маздайды өлең.

Іздел келем —  
Алғы бетке тік қадап жанарымды,  
Жалау етіп ақ арман, ақ арымды,  
Арман құған жетеді арманына,  
Білем мен де сондықтан табарымды.

## Соңғы қоңырау

Уақыт өз жүрісінен танбас мына,  
Он жыл өтті —  
Он көктем алмасты да.  
Соңғы қоңырау деген тым қын екен  
Мән бермеген сияқты ем алғашқыда.

Он жыл өтті —  
Он қырдан асқандаймын,  
Он тылсымның құпиясын ашқандаймын.  
Мен сол он баспалдақты тұғыр етіп  
Әлі де биіктеймін,  
**Аспандаймын.**

Соңғы қоңырау —  
Саздылау естіледі,  
Біреу оның қадірін кеш біледі.  
Ал менің көкірегімде сол бір үннен  
Болашақ бақытымның есті лебі.

Есті лебі болашақ күндерімнің,  
Исі аңқыды раушан гүлдерімнің.  
Мен сол сәтте балауса, балғын кездің  
Ескірмес елесімен бірге жүрдім.

Есімде әлі ең алғаш қарсы алғаны,  
Қоңыр күзде күмбірлеп жар салғаны.  
Қоңыр үнін қимайтын сияқтымын  
Ер жетіп, азамат бол қалсам-дағы.

Соңғы қоңырау —  
Бір ғажал жын екен,  
Қуаныш қой,  
Сонда да қын екен.

Өйткені ол сенімен хоштасып түр —  
Хоштасудың қашан да күйі бөтен.

Соңғы қоңырау —  
Бір ғажап жиын екен,  
Қуаныш қой,  
Сонда да қыны екен.  
Әлде бұл да үақыттың бізге тартқан  
Балауса бақыты мен сыйы ма екен!

Иә, үақыт жүрісінен танбас мына  
Он жыл өтті —  
Он көктем алмасты да.  
Соңғы қоңырау —  
Серлін деп ұқтым енді  
Қобалжып тұрсаң-дағы алғашқыда,  
Тарттым алға үақыттың өзіменен  
Арман — аттың жаһына жармастым да.

## Шашу

(Фабит Мұсрепов  
окушыларымен кездескенде.)

Толқындаі бейне зал іші,  
Қаншама адам жиналған!  
Ғабеңе соның берісі  
Гүл ме деп қалдым сыйлаған.

Өйткені осы жастардың  
Реңі бейне таңғы нұр.  
Бәрі де таұлы асқардың  
Төсінде өскен жанды гүл.

Қыздар жүр —  
Қандай әдемі!..  
Жаралған мәңгі жыр үшін.  
Өзері кепті әдейі  
Қырқаның қызыл гүлі үшін.

Осы ғой, ғабе, аяулың,  
Өз қызың,  
бейне өз ұлың —  
Сіңлісі құлу Баянның,  
Інісі ерке Қозының.

Жетпістің тұрсыз өрінде —  
Арқалап жүгін ғасырдың.  
Бірақ та, ғабе, көңілде  
Қарттықты сізден жасырдым.

Қырағы көзге байқаған  
Көрінер Сіздегі ой алып.  
Шолсаңыз егер қайтадан  
Қалар сан Өлкө оянып.

**Ағаға асу — өрінде  
Арнадым бір жыр қалам ап.  
Көп сойлар қалды көңілде  
Алдағы қүнге аманат.**

**Ғабеңдей алып нар ұлын  
Айнытпай әлем таниды-ақ.  
Өзінің ұлы дарынын  
Сыйлаған дарқан табиғат.**

## Қасымға

«Құя алман үгітілген балшық өлең,  
Көңілде көл жасаман тамшыменен,  
Серінің семсеріндегі сертке таққан —  
Өлеңнің өткірін алыш менен», —

Дедің де астың биік жыр асуын,  
Өлеңмен жасап не бір мұра асылын.  
Ел үшін естің ерен ақын болып —  
Бақытын ойламаған құр басыңың.

Өмірдің мейманы бол азғана күн,  
Елінді сүйіп өттің, абзал ақын.  
Бұрқыраған қысы жүрді Оралыңың,  
Жырында талмай қақты қаз қанатын.

Жырладың алтын үя — өз өлкеңді,  
Жырладың тау-қияны, өзен, көлді...  
Жырладың қара қасты қарындасты —  
Кетпедің босқа тастап көлеңкенді.

Әлі де сол баяғы бір Қасымсың,  
Бір езің — танығанға бір ғасырсың.  
Отырсам өлең жазып ақылшымсың,  
Ал, жәй кезде ең жақын сырласымсың.

## Аққу ақын

Әбеке!

Сіз жетпіске келдіңіз —  
Бұл мереке бүгінгі жыр үшін де,  
Сөзіңіздің алауы,

Нұры ішінде.

Әлпештеген Елінің жақсы лебін  
Есту ләзім ақынға тірісінде.

Көптен күткен көктемнің әз қонағы —  
Айдындарға мамырлап қаз қонады.  
Сіз секілді көл сәнін келтіретін  
Аққу — ақын, әрине, аз болады.

Өлең — өмір үақытпен шектелер ме,  
Жеткен де бар бұл күнге, жетпеген де.  
Мен сенбеймін дәл Сіздей нар ақындар  
Әр халықта,

Әр елде көп дегенге.

Сіз жетпіске келіпсіз —  
Жетпіс — қазір ер жасы есіп жүрген,  
Сырдың сүйн етікпен кешіп жүрген.  
Жетпіс — қазір ғылымның айтудында  
Адамзатқа — орта жас десіп жүрген.

Жүк артса да,  
Сыр бермес тағдыр нендей,  
Көңіліңіз көкмайса балғын көлдей.  
Жарты ғасыр көтеріп өнер туын  
Жыр — бәйгенің келесіз алдын бермей.

Көру ләзім тірлікте тамашаны —  
Өмір — бәйге,

Әркім-ақ таласады.

Ал, Әбеке, Сіз сынды ақындарға  
Озу ғана, тек озу жарасады!

## Тілші

(Карт журналист  
Әбдуали Қарағұловқа)

Тыстағы абыр-сабыр тынса-дағы —  
Сөнбейді көрші үйдегі бір шам әлі.  
Жарығы жақсылықтың жаршысындай  
Көкірегінді қуаныш — нұр шалады.

Берілген осыншалық ілкі ісіне —  
Сізге оның таныс бәлкім түр-түсі де.  
Түн үйқысын төрт бөлгөн мазасыз жан —  
Жаңылмайсың,  
Газеттің тілшісі де.

Жанына толтырғандай нұрын дала —  
Оралған сапарынан бүгін ғана.  
Кеп сырды жеткізуге асығады —  
Жол соғып қажыған-ау,  
Түрін қара.

Ойланып, сәл тыныстап алады да —  
Қайтадан береді ерік қаламына.  
Бір жолда көргені кеп, түйгені кеп  
Тартады бәрін талғап, таразыға.

Табысқан таныстары, достары кеп  
(Ұғызыз мейлі мұны жоспары деп).  
Жеті қат жер астында шахташы бар,  
Диқанмен де сырласты қоста түнеп...

Шарлаған іздері кеп дала — қырда,  
Атырауда, Арқаның алабында.  
Жайлауда шоланменен бірге жүріп,  
Тойын керді жас сәби баланың да.

Газетке жазады енді осыларды —  
Мақтан ету салтымыз досы барды.  
Біреулерін әнекей шығарып сап,  
Біреулері алдынан тосып алды.

Қайда барса таусылмас таныстары,  
Білмейсің жақын оған, алыс па әлі.  
Әйтеуір қуанышпен қауышады,  
Әне біреу тоқтатып, тағы үстады.

Міне, осылай әрдайым жалғасады,  
Журналистер досының бар ма саны.  
Жол шегеді ақпанның аязында  
Әсіресе, тұрмайды жазға салым.

Үйренсем деп өмірден мол қармаған,  
Бір жер жоқ бүл өңірде ол бармаған.  
Журналистиң ізіндей көрінеді —  
Далада сайрап жатқан жолдар маған.

## Өлшем

Жақсы — жаман,  
Ақ — қара,  
Жүйрік — шабан...  
Осылай бір қайшылық киліксе әман.  
Таба алар ма ең өлшемін, о бауырым,  
Ажырат деп берілсе билік саган.

Бар жақсының — жақсысы,  
Ақтың — ағы,  
Жүйріктің де болады нақ пырағы.  
Ара жігін айырып айта алмасаң,  
Жалған сөзің жақынды жат қылады.

Қараны да,  
Жаманды,  
Шабанды да...  
Ұялмастай ашып айт ар алдында.  
«Тура биде туыс жоқ»—  
Есіңе ұста  
Таймай сөйлеу тән әр кез табандыға.

Әр нәрсеге болмагын көрсекұмар  
Әділдікке қошамет, қол соғылар.  
Жақсы — жаман,  
Ақ — қара,  
Жүйрік — шабан...  
Бәрінің де ел білер өлшемі бар.

## Бәрі де бізден қалады

Ағайын едік,  
Алыстауменен арамыз,  
Бір-бірімізден сұзысып мұлдем барамыз.  
Ойладық па екен —  
    Үлкен бол,  
        яки кіші бол:  
Тұғаннан артық тұстың қайдан табамыз.

Өмір бар жерде —  
Көңілдер қалай жетпейді,  
Ініден — аға,  
Ағадан — іні шеттейді.  
Дейтіні қайда байыргы бабапарымның:  
«Тұыстан Адам түңілсе-дағы кетпейді».

Тұғаннан артық тұстың қайдан табамыз,  
Ертеңгі күнді ойладық па екен және біз.  
Өзіміз бүгін дүрдараз болсақ,  
Бізден соң  
Тұсып қатар жүре алар ма екен баламыз.

Сіз ғана емес,  
Мен де аға болар жастамын —  
Ойлайтын кез бе бүгінде жеке бас қамын.  
Өзімдігім бар,  
Тұрмыстан кенде емеспін  
Қызығам бірақ тұсын көріп басқаның.

Қызығам рас,  
Қызықсам да іштей тынамын,  
Тоқтамай үақыт барады өтіп — кіл ағын.  
Екеумізге де ақыл қосатын әке жоқ  
Қызынған сәтте қолына алып тымагын...

Шолақ қамшының сабындаі келте тірлік те  
Қас қағым сәтте өте шығарын білдік пе.  
Жатамыз әлі-ақ Тұған жер төсін томпайтып  
Секілді соңғы сөйлемге қойған бір нүкте.

Біреуден ептең есебін тауып ұт мейлі,  
Заулайды уақыт —  
Бары-жоғыңды күтпейді.  
Кезі келгенде бәрі де бізден қалады,  
Еш пенде Жердің жыртығын жамап бітпейді,  
Бітпейді!

## Сүйе қалсам

Мен берілсем...

Берілемін жаңыммен, тәнімменен,  
Ожданыммен, қардай ақ арымменен.  
Табиғатым сол үшін тілейтіндей,  
Қалтарысыз, қалдықсыз бәрін менен.

Сүйе қалсам,

Сүйемін өле-өлгенше,  
Сынған шынар қайтадан көгергенше.  
Дүниеде жан жоқтай махаббаттың,  
Азабы — тозағына төзөр менше.

Иә, солаймын,

Солаймын әр істе де —

Пенделіктен, эрине, қалыс деме.

Жақсы көріп,

Және де жек көргендеге

Ұқсаймын сыр бүкпейтін нәрестеге.

Жан емеспін түсірген көңілге шық,

Тілегем жоқ тірліктен тегін несіп.

Жанып жүріп күл болып кетердеймін —

Көрген емен жартылай өмір кешіп.

Тезіне сап қинайды өмір кей күн,

Сонда-дағы шашылып-төгілмеймін.

Жан-тәніңмен жек көру қандай қынын,

Амалым жоқ,

Онда да белінбеймін.

Қайтейін —

Ардай сырым көңілдегі,

Қаншама рет қабырғам сөгілмеді.

Бәрі бір де жартыкеш жүре алмаймын,

Тұтас қылыш жаратқан өмір мені.

## Көктем келді

Көктем келді —  
Әсем бір әндей аңсаған,  
Көптенгі үмітті —  
Көктемді күтті қанша адам.  
Жастар да күтті,  
Қарттар да күтті қаусаған,  
Дала да күтті,  
Күтті көктемді тау — сағам.

Белдер де күтті,  
Көлдер де күтті құрсанған,  
Табиғат ару —  
Ашыла қоймаған тұмса арман.  
Тағатсыз көңіл шарқ ұрмай қалай шыдасын  
Қызығалдақ қырлар алаудай жанып тұрса алдан.

Көптенгі үмітті —  
Көктемді күтті тіршілік,  
Сәмбі талдарға,  
Сәнді талдарға бүр шығып...  
Малынып нұрға дүниенің жасыл желегі  
Көгілдір әлем күшіне кіріп келеді,  
Жайсаң жанымен жадыратып елді жыршы-үміт.

## Достарым-ау

Ей, достарым-ау,  
Амансындар ма бірге өскен,  
Есілдің сүйн бір кешкен.  
Айлы тұндерде ару арманмен тілдескен,  
Сендерді қайдам!  
Алыста жүріп мен өзім  
Шығарған жоқпын біреуінді де,  
Бір де естен.

Ойласаң қазір —  
Келер-ау тіптен күлкің де:  
Беккениң жыры бастанаса бітпей бір түнде,  
Ертеңмен қайта тұра алмай жатып, шіркіндер:  
Қаумалай келіп жанына  
— Ертек айтшы! — деп жалынушы едік тағы да,  
Сондай күндерді ұмыту сірә мүмкін бе!

Ай жарығымен әк сүйек ізден шарқ ұрып,  
Жүректер алғаш қыз жанарына шарпылып,  
Айтар сөз таппай,

Көңілімізді жарты ғыл,  
Үміттен және бал тұнып,  
Қайтатын кездер қыратты кезіп, алқынып.

Ей, достарым-ау,  
Бәрі де,  
Бәрі...жадымда  
Есілдің арғы жағында  
Көрші ауылдың да қызы-жігіттері жүретін  
Оранып аппақ сағымға,  
Шалғынның қызған шағында.

Сол таңдар —  
Сірә, ұлы таң,  
Бұла шағымды қалайша, достар, ұмытам.

Тірлік болған соң ұтылам бірде, бір ұтам  
Өздеріңді еске ап,  
Жанымды дереу жылтытам.

Ей, достарым-ау,  
Не деген ғажап жансыңдар —  
Әрқайсың бір арайлап атқан таңсыңдар.  
Қуанғанда да,  
Қиналғанда да, асылы  
Қасымда менің барсыңдар,  
Сол үшін дағы алдында дәйім бас міп  
Тағзым етіп тұратын сынды бар шыңдар.  
Не деген ғажап жансыңдар!

## Қандай бақыт

Жаз келіп қалыпты ғой,  
Тағы да жаз —  
Жаз-көрік ұялатор жаныңа наз.  
Жастықта қадіріне жете алмасан,  
Ертең күн жаз қызығы табылады аз,  
Жаз келіп қалыпты ғой,  
Тағы да жаз.

Қадірім көп пе білген,  
Аз ба білген —  
Сен соны үқсаң болды жаз — жаныңмен.  
Жігіттің арманы не —  
Сүйіктісін  
Жылытса жүрегінің маздағымен,  
Сезімнің саздарымен.

Білесің сен,  
Бәрін де сен білесің,  
Сезімді де ақылға жеңдіресің.  
Досың бар,  
Дұшпаның бар —  
Қандай бақыт,  
Сүйе алсам тандырардай елдің есін.

## Даралық

Менде бардың бәрі де сенде болса,  
Сенде бардың бәрі де менде болса,  
Әй, қайдам...  
Соның өзі біздер тұрмак  
Еш әсер бермес еді-ау елге де онша.

Сен жазғанды мен солай жазар болсам,  
Мен жазғанды сен солай жазар болсан,  
Екеуміз де ілікпей қалар едік  
Ауызға алып айттардай назарға онша.

Сенде барды ел менен іздемесін,  
Менде барды ел сенен іздемесін.  
Тебе болып,  
Немесе төмен болып  
Көріну —  
Ел алдында бізге де сын.

Жарасады баланың балалығы,  
Жарасады дананың даналығы.  
Жер мен Көктей болса да аралығы  
Бір-біріне әйтеуір ұқсамайтын  
Болу керек дарынның даралығы.

## Көрген түстей

Тірліктің қысы да арман,  
Жазы да арман —  
Тұлкі — өмір құтылмайды тазылардан.  
Қарт отыр жиырма бесін жыр ғып айтып,  
Уақыттың көбі кетіп,  
Азы қалған.

Шарлаған шар тарапты,  
Алысынды —  
Қиялмен кезген талай гарышынды.  
Бұл күнде қарға адым жер мұңға айналып,  
Кеңілі құмға айналып,  
Сағы сынды.

Күреске де бел шешіп түсіп көрген,  
Сұлуға да сұқтанған,  
Құшып көрген.  
Кекпар тартса, жолында ұра барын  
Ұмытып,  
Құба белде ұшып берген.

Құла жүйрік —  
Астында құла жорға  
Ұшып берген құйындай құба жонда.  
Ойлап көрсе осы бір қарияның  
Талай ізі қалыпты мына жолда.

Бәрі есінде:  
Ақ сағымдай сылаңдал қанша арманы  
Құба жонда құлпырып қарсы алғаны.  
Бәрі есінде —  
Сүйгенін сағынып кеп  
Айлы түнде тербеліп ән салғаны.

Бұл ғұмырда не көріп,  
Не кешпеді!  
Көрген түстей бүгінде елестері.  
Талай жылдар өтіпті дегенменен  
Бәрі де кешегідей емес пе еді!

Тірліктің қысы да арман,  
Жазы да арман —  
Тұлкі — өмір құтылмайды-ау тазылардан.  
Отыр бәрін өткеріп көз алдынан  
Уақыттың қебі кетіп,  
Азы қалған.

## Көңіл қартаймайды

Адамдар қартаяды  
Күз кетіп, сарғыш тартқан жапырақтай.  
Жүзінен әр таяды —  
Құлазыған құба жон атыраптайды.

Қызыжігіт те қызғалдақ — дәурені өтіп,  
Айрылады көктемгі гүл — әрінен.  
Дүниені жіберер әуелетіп  
Ай астында шырқаған бір әнімен.

Табиғат та,  
Адам да қартаяды —  
Бәрін солай жаратқан өмір — дана.  
Қартаймай, тек есейіп марқаяды —  
Мәңгі көктем — гүл атар көңіл ғана.

## Мен қырықтамын

Қырық жыл —  
Жазы, күзі,  
Қысы мен көктемі бар.  
Талай асу,  
Талай құз,  
Өткелі бар...  
Қырық жылдың қадірін, қасиетін,  
Сол жолдармен сабылып өткен үғар.

Мениң қырқым —  
Қырық жас болғанменен  
Құпиясы көп,  
Пара-пар томдарменен.  
Қырық жылда қисапсыз жүргендерім  
Тогысады сан тарау жолдарменен.

Қырық жылда не білдім, не тындырдым,  
Қай қияға атымның бетін бұрдым.  
Дер кезінде елемей соның бәрін,  
Қасиетін енді үқан секілдімін.

\* \* \*

Алтыным бар,  
Мысым бар,  
Жезім де бар  
Алақұйын, кекдауыл сезім де бар.  
Асып-тасып, арнамнан ақтарылып  
Сыймай жатар сабама кезім де бар.

Келеңсіз бе,  
Тірлігім келелі ме,  
Өршіл өмір бағыма береді не.  
Кейде тұнық өзендей тынып аққан  
Жетпей жатам жететін кемеріме.

Жетпей жатам жететін кемеріме,  
Тебіреніссіз тірліктің керегі не.  
Ойлар бірде еріксіз әкетеді,  
Шым батырып тұңғызық тереңіне.

Діңгегінде жұмыр жер шыр айналып,  
Күн артынан күн келер шырайланып.  
Көзіл күйін құямын жырларыма,  
Қалмасын деп тұнығым лайланаңып.  
Дертім болса, жұрттым бар айтар емін  
Тұнығымды тындырмай шайқа менің.  
Ұшсам — ұя,  
Қонсам — құт аялаган,  
Тірлігімнің тұғыры —  
Байтақ елім!

## Шежіре тау

Қарқаралы!  
Бұрын да болғам талай бұл өңірде  
Ән өңірде,  
Жазира жыр өңірде.  
Тәттімбет боп,  
Мәди боп,  
Қалибек боп...  
Қалған менің жатталып жүргегімде.

Сұлулықтың мәп-мәлдір қайнарындей  
Сүт бетінде кілегей-қаймағындей  
Арапағам армансыз аймағын бай! —  
Әр тасы тарих болып тіл қататын  
Шежіре тау бар екен қайда мұндай!!  
Тұтасқан қайың,  
талын,

Карағайын...  
Тағы бір аралайын, сараплайын.  
Ұқсам деген тау жәйін, дала жәйін  
Еркелегіш, елтігіш баладайын,  
Түсініңдер жанымның тебіренісін  
Көрсем көзім тоймайды,  
уа ағайын.

Қасымда Қайрат ақын,  
Жаппар ақын —  
Ақындар жақын түгіл,  
Жатиқ жақын,  
Жүрек сырын қалтқысыз ақтаратын,  
Әр шоқының,  
Әр көлдің,  
Әр жотаның...  
Келе жатыр көңілге хаттап атын,  
Мәңгілік жатталатын.

Тіршіліктің әр сәті ағыстай-ды,  
Сылаң-сағым сусиды, алыстайды.  
Жаппар жырдай мақтайды тұған жерін  
Күйеу бала — Қайрат та қалыспайды.

Қалыспайды,  
Сол керім жарасады,  
Қиялмен биіктетіп аласаны,  
Бір ақын бір ақыннан әрі асады.  
Асылы, Қарқаралы — шежіре тау  
Жиғандай мөлдіретіп тамашаны,  
Керкіне көз тоймайды,  
Қараши әне!

## Қимай кетіп барамын

Қарқаралы таулары,  
Қарқаралы баулары,  
Қарқаралы көлдері,  
Қарқаралы белдері,  
Қияныңда қалқытып,  
Қиялымды тербеді.

Ері де — ер,  
Елі де — ер,  
Кілең сал мен серілер.  
Бұрын мұнда келмеген,  
Қызығына ермеген,  
Көрмеген жан не білер!

Елге ырыс-береке —  
Қойны толы кен екен,  
Жергүйіңде тең екен,  
Бір келген жан айналып  
Шыға алмайтын жер екен.

Жатыр дала жергүйік —  
Көкірегіңе нәр үйіп,  
Тәскейінде дән үйіп  
Сол даланы тұлеткен,  
Сол далаға гүл еккен  
Азаматтары ақыық.

Көктем түгіл күзгі әрі —  
Дала сәні,  
Түз нәрі.  
Еліктіріп алғандай  
Сұлу екен қыздары,  
Сынайтындай бізді әрі.

Сына, сына,  
Сынай бер...  
Күлмесін тек былайғы ел.  
Қимай кетіп барамын,  
Ей, арулар — қынай бел.

## Айналайын

**Нұркен-ауыл —**

**Бір кездегі аядай үркөр ауыл.**

**Енді бүгін Батырдың атына сый,**

**Өрісі — кең,**

**Өресі — үлкен ауыл.**

**Бұл жердің тасы қыран,**

**Тауы — қыран,**

**Тербеткен бесігінде тауып ұлан.**

**Мен бүгін батыр болып қайтқандаймын**

**Батырдың миллионер ауылынан.**

**Көңіл есіп,**

**Көрсе көз қызығардай —**

**Қуаныштан өн бойың қызынардай.**

**Жүріп келе жатқан әр көшемізде**

**Нұркеннің бала күнгі ізі бардай.**

**Ерлікті машиқ қылған қайдада дәйім,**

**Көп екен еңбекте де сайлы ағайын.**

**Көтерген көкжиекке батыр даңқын**

**Еліңнің елдігінен айналайын,**

**Еріңнің ерлігінен айналайын.**

## Самал көл

Самал көл —  
Түстігінен самал ескен,  
Самал көл —  
Бір көрген соң қала ма естен.  
Сыланып ақ айнадай айдынында  
Тал, қайың...  
Таранады жағада ескен.

Астасып ақ айдынмен ақ айнадай,  
Ақ ару сылаңдайды қалай-қалай.  
Алғандай қос жанарын қарықтырып,  
Жағада ақын жігіт қарай-қарай.

Самал көл —  
Сыр сандықтай шын ұғымда,  
Мың бір түн хикаясы тұндығында.  
Ақынның жазылмаған жыры мұнда.,  
Арудың айттылмаған сырлы мұнда.

Бойына кербездікті сын санар ма,  
Жап-жасыл жазы-қысы шыршалар да.  
Тал бойын кір шалмасын дегендей-ақ  
Кеудесін ашып тастап түр самалға.

Самал көл —  
Түстігінен самал ескен,  
Тұндығын бала кешкен,  
Дана кешкен.  
Көрмесем арманда боп кетер ме едім,  
Көрген соң сыр-сымбаты қала ма естен.


Өлең жазбайтын күндерім бар,  
Өлең жазбайтын түндерім бар.  
Бұлттың төбемізден аумайтыны сияқты,  
Бірақ нөсерлетіп жаумайтыны сияқты.

Кеудемде — алақұйын,  
Астан-кестен...  
Біледі оны —  
Бір білсе, бастан кешкен.  
Шөліркеген сезімді қандыра алмай,  
Ұшқындаған отымды жандыра алмай,  
Түсемін бір сәтте сан күйге талай,  
Шабыттың шамшыл құсын үйрете алмай.

---

## Үшінші бөлім

---



## Бұла дәүрөн

Он сезіз!  
Ай-хай шіркін бұла дәүрен,  
Маздатқан жүрөгімді жыр-алаумен.  
Кей-кейде от сезімдер жетпей қалып,  
Тағы бір оралсам деп тұрам-ау мен.

**Он сегіз!  
Арыстан боп Айға атылған,  
Сескенген жасақты жау айбатынан.  
Мезгілсіз мерт болам деп мойымаған  
Қара тас қақыраған қайратынан.**

Он сегіз —  
Көз жұмдырып қойған әман,  
Ол үшін қыр да аман,  
Ой да аман.  
Албырттық алақұйын алып қашып —  
Тосыннан тоқтар жерін ойламаған.

**Жанымды жазираға белеп кілең,  
Кеңілім сені ойласам өрекпіген.  
Арманым —**

Ардағыма жолықтырған,  
Он сегіз!  
Сенің орның  
бөлек біле

Тұспеген жүген-құрық —  
Бұла дәурен  
Маздатқан жүргегімді жыр-алаумен.  
Кей-кейде от сезімдер жетпей қалып,  
Тағы бір оралсам деп тұрам-ау мен.  
Он сегіз —  
Айналайын, бұла дәурен!

## Жыл құсы

(Ән)

Әнім бе едің жыл құсындай оралған,  
Сәнім бе едің Сыр сүндай толы арнаң.  
Қапияда көз жазып қап,

Өзіңе

Табыстырды тағдыр қайта, жоқ арман.

Нұр шашқандай өмірімнің ақ таңы  
Гүл ашқандай көңілімнің бақтары.  
Көкірегіме ұялады қайтадан  
Тірлігімнің таусылмайтын тәтті әні.

Арманымдай жұлдыз болып жанатын,  
Ұшқыр қиял қақты қайта қанатын.  
Оралған соң таусыларда тағатым —  
«Жыл құсы» дег қойдым арнап ән атын.

## Сағыныш

(Ән)

Толқындай дәңбекшіген теңіздегі,  
Жас жаным алабұртып нені ізdedі.  
Бір сен деп бұлқынады қайран жүрек,  
Тағдырым әлде өзіңмен егіз бе еді.

Өзіңмен ұшырасу — талайғы арман,  
Ізdedім таң нұрынан арайланған.  
Бір сәтке көрсем деймін келбетіңді,  
Шолпандай бұлт ішінен қарай қалған.

Қайдасың,  
Қайда қазір алыспысың,  
Сағыныш қиялыммен жарысты шын.  
Бір сәтке кетсе деймін елес беріп,  
Жанымды мазалаған таныс мүсін.

Кеште де,  
Сені іздеймін ертемен де...  
Тосамын құлағымды ерке желге.  
Маздатшы жанымда отын қуаныштың  
Өзіңмен бақытымды ерте кел де.

Бақ құсым сен бе едің

(Ән)

Өлеңім өзім боп барса бір,  
Сезімім алаулап жанса кіл,  
Білер ме ең жайымды, ақ еркем,  
Мен саған арнадым қанша жыр.

Теңіздей тереңнен тербеліп,  
Құлашты қияға сермедік.  
Жанарың жанымды жаулап ап,  
Қалмады-ау, ақ еркем, менде ерік.

Барым сол —  
Білмесең, білсең де,  
Барым сол —  
Әзілдеп күлсөң де,  
Қай жерде —  
Қай белде жұрсем де,  
Бал күнім —  
Бар гүлім бір сенде,  
Тағдырым —  
Таң нұрым бір сенде.

Аққудай жай қағып қанатын,  
Өзендей жайланаң ағатын.  
Уақыт та тоқтатпай сағатын,  
Алмасып күнге күн, алға асып  
Таусылды, қалқатай, тағатым.

Жанымды тебірентіп, тербедің —  
Шақырдым,  
Бірақ та келмедің.  
Қонсам деп, қона алмай қиналған,  
Ақ құсым —

Бақ құсым сен бе едің.

\* \* \*

Сен билеп жүрдің —  
Бір жігіттің тербеліп құшағында,  
Қолым жетпес арманға ұсадың да.  
Ауылда өскен мен бейбақ сонда ұқтым —  
Би білмеу —  
Болады екен құса мұнда.

Сен билеп жүрдің —  
Вальстің ыргағымен дөңгеленіп,  
Өзіңе емес,  
Бергендей өңгеге ерік.  
Жүзе білмес қораздай шетте қалдым,  
Аққұменен ілесіп көлге келіп.

Сен билеп жүрдің —  
Ұқсам-дағы тұнығым шайқалғанын,  
Меселінді сол замат қайтармадым.  
Сыртым бүтін болғанмен,  
Ішім түтін —  
Бірақ оны өзіңе айта алмадым.

Сен билеп жүрдің —  
Түсіндің бе,  
Әлде шын түсінбедің,  
Күлгөн болдым —  
Жатса да ішімде мұң.  
Албырт көңіл сонда да ойламапты-ау  
Басқа ұяға қонар деп құсым менің.

Сен билеп жүрдің —  
Құлағыңа жігіт не сыйырлады,  
Ұғып болмаған екем сырныңды әлі.  
Ет жүрегім сезгендей әлденені  
Өн бойымда бір сезім шымырлады.

Сен билеп жүрдің —  
Қуанышты реңің,  
Қас-қабағың...  
Төзімімнің құлatty тас қамалын.  
Тұрдым бір сәт өзіме өзім ұрсып,  
Қалмағандай қайтудан басқа амалым.

Сен билеп жүрдің —  
Сиқырлы әуен еркінді билеп алған,  
Өзіме өзім кейідім биге барған.  
Сонда ұқтым —  
Ілеспей онан-дағы  
Жақсы еді ғой оңаша үйде қалған.

Сен билеп жүрдің —  
Шыдамадым,  
Шегі бар төзімнің де —  
Қарауытып кеткендей көзім мұлде.  
«Қайттық!» — дедім әкеліп киімінді,  
Оғаш көрінді ме еken сөзім бірден,  
Қарағандай мысқылмен көзің күлген.

Сен билей бердің —  
Билей бердің маған бір қарадың да,  
Таусылғандай шыдамым,  
амалым да...  
Сонда ұқтым жолымыз басқа екенін,  
Кекесін күлкі тұрды жанарыңда,  
Билей бердің тағы бір қарадың да...

## Көктем

Тоқталмайды тынымсыз күндер ағып,  
Өз-өзінше әрбір таң жұлдені алып.  
Кекепенен арайлы көктем келді,  
Қырқаларға алқызыл гүлдер алып.

Көктем қонды бақтарға жыл құсы бол,  
Мерзімнің ең шуақты,  
жырлысы бол.

Көктем келді тағы да кең өлкеме  
Жарқын жүзді қыздардың күлкісі бол.

Көктем келді —  
малынды дала нұрға,  
Өзгеше бір әр беріп тау-адырға.  
Көктем келді салтанат-сәніменен,  
Арқау болып жаңа ырғақ, жаңа жырға.

Бірге келді көктеммен қыздар баққа —  
Ұқсап бейне қырда өскен қызгалдаққа.  
Ару — көктем мереілі махаббаттай  
Сұлулығын табиғат қызғанбапты, ә!

Көктем, көктем!  
Арайлы, нұрлы көктем,  
Ай қалықтап,  
Алтын Күн күлді көктен.  
Сені асыға қутеміз, төрлет кәне,  
Жасандырған дүниені кіл жібекпен.

Керуендей қозғалған таңнан тұрып,  
Жылжиды әне нөсерден қалған бүлт.  
Ару ұзақ қарайды көш соңына  
Бірге ілесіп кетуді арман қылып.

## Ботакөз

Ойлап тұрсам —  
Сезім де,  
Сез де бөтен,  
Таптырмайды өзіне өзгеде тең.  
Дүниедегі шынайы сұлулықтың  
Қасиеті қарақат көзде ме екен.

Көзде ме екен бірліктің жарасымы,  
Көзде ме екен тірліктің бар асылы.  
Білмеймісің қай күйге түсірерін  
Ботакөздің мөп-мелдір қараышы.

Басқа түспей алар кім сырын ұға!  
Арманыңың алда түр шыңы мына.  
Қайтып аман шығуың екі талай,  
Батып кетсең тұңғының тұнығына.

Айналайын ботакөз — құралайым,  
Сен деп ұққам көңілдің шың-арайын.  
Жанарыңды тайдырып әкетпеші,  
Басқа тілек өлсем де сұрамаймын.

Сұрамайын беріле сүй деп мені  
Бір жылы сөз және де қый деп тегі.  
Жалғыз ғана айтарым:

Сені көріп,  
Көңілімнен көкдауыл күй кетпеді.  
Сыр айтпаушы ем егіліп жатқа бұлай,  
Сені ойлаумен атар ма ақ таңым-ай!  
Жалғыз ғана тілерім:

Ботакөздің  
Мұңайғанын көруден сақта, құдай.

Кешір, қалқам,  
Кешір сен, кешіре алсаң,  
Тіршіліктің сүюсіз несі бар сән.  
Өзімді өзім ұмытып кетердеймін  
Сенің ботакөзінді есіме алсан.

## Жас әже

(Әзіл)

Әже болдың —  
Соның өзі бақыт қой,  
Көзіңде нұр,  
Көңіліңде жаһұтты ой.  
Сеніменен бар тіршілік қуанып,  
Сенің үшін жасап жатыр үақыт той.

Жанған оттай жүзіңдегі алау нұр,  
Жарасып түр қолындағы жалау-гүл.  
Адамды өзі арнасымен әкетер  
Табиғаттың ерек заңы бар-ау бір.

— Әже! — деймін.  
Бірақ өзім нанбаймын,  
Жап-жас сені әже қылған қандай күн!  
Әзілі әсем келіншектен кешегі  
Шаңқай түсте ажыраған жандаймын.

Өмір заңы,  
Өкінетін несі бар,  
Біреу ерте,  
Біреу оны кеш үғар.  
Немеренді әлдилеген кезінде  
Біз секілді пақырынды да есіце ал.

## Махаббат балладасы

Жадырап кетлесе де аспан әлі,  
Майда жел тербеткендей жас баланы.  
Шел қаптап жүлдyz көзін дүркін-дүркін,  
Бір ауық кірпігінен жас тамады.

Тұн іші, сағат бірден ауды уақыт,  
Қызы отыр екі көзін жаудыратып.  
Жігіттің қайда сезі келем деген  
Барады ұйқы қысып, маұжыратып.

Судың да естіледі сылдыры анық —  
Сыңсытып ән салғандай мың бұралып.  
Көрді де екі адамды қолтықтасқан,  
Бір сәтке үй тасалап тұрды барып.

### Тамаша!

Жазғы самал жанға жайлыш,  
Тұр бөлеп хош исіне таңды арайлы.  
Әжениң бесік жыры секілденіп,  
Мұлгіткен, маұжыратқан бар маңайды.

Бұл кім, бұл тұрған түнде елден ерек,  
Жүргегін оймен тербел, сырға бөлеп.  
Жігітті тосқандығын білсе осылай.  
Мән-жайын түсіндірер елге не деп!

Я, бұл — қазақтың бір қара көзі —  
Жігітті тұрған тосып далада өзі.  
Жүргегін мазалайды жастық шіркін.  
«Жүгірмек» — ете шынып бала кезі.

\* \* \*

Тостырган жігіт қайда, қайда жігіт,  
Жақында-ақ достаспап па еді айлап жүріп.  
Ұмытып кетті ме екен жан азабын,  
Жай гана жүрген бе әлде айла қылып!

Япырай, арам ба еді ол — қаражүрек,  
Жас сұлу неге төмен қарайды көп!  
Кірпікте қалды неғып жас ұялап,  
Жаман ой неге мұнша барады үдеп!

Шынымен келмеді ме тосқан адам,  
Жас қызды етті ме әуре, босқа алаң.  
Несіне күттіреді, күттіреді,  
Тұндегі қарауылдай қос қараған!

Жоқ, құрбым, қателестің, сабыр, сабыр  
Ақылды ашу жеңіп жаңылса бір.  
Не пайда таптың сонда асығудан  
Достықта қара күе жағылса құр.

Бұзылып, машинасы қырсыққанда,  
Жүгімен қалды тұрып — Құмшықталда.  
Тұн бойы жаяу жүріп ұзақ жолды,  
Үйіне жетті жігіт күн шыққанда.

Сейтіп ол кездесе алмай сүйгеніне,  
Мазасыз отыр жалғыз үйде міне.  
Амал не, өтіп кетті бақыт тұні,  
Не пайда енді босқа күйгенінен.

Өмірдің заңы жоқ қой бұзылмайтын,  
Жүрек — ол шыбын емес ызықдайтын.  
Махаббат — екі адамға ортақ сезім,  
Гүл емес бақшадағы қыз ұрлайтын.

Айтарсың жоқ әдет деп қазақта бұл,  
Ақын тек жазыпты деп мазаққа бір.  
Дегеннің пайдасы не қыз байғұсқа:  
Жаныңды үйде отырып азапта құр.

Несі бар, тоссын ол да аяулысын,  
Қиналсын, кезі келсе, жаяу жүрсін.  
Бір ауық көтермесе жол азабын,  
Қадірін махаббаттың қалай білсін.

Ақын қыздың әзіліне

шыны жауап

Қажымаңдар!— дедің бе,

Қажымайық,

Көктемде шешек атпау —

Нағыз айып.

Қыздардың қызғалдақтай,

Ортасында

Шат сезім,

Шалқар көңіл,

Наз лайық.

Шаршамаңдар!— дедің-ау,

Шаршамайық,

Билейік дүбірлетіп,

Ән салайық.

Сұлуға,

Сұлулыққа ғашық болып,

Таңырқап, таңдай қаға тамсанайық.

Жиналған үлкен-кіші жында көп,

Жел де көп,

Дауыл да көп,

Құйын да көп.

Оиласмыз сырт көздерден сұқтанатын

Сезімді жария ету қын ба деп.

Деп, қалқам, сөкпе босқа

Жасық торғай,

Қыранбыз тынбас таудан асып қонбай.

Жаным-ау, қайдан мәлім жүргеніміз

Қыздарға құралайдай ғашық болмай.

Білеміз —

Қыздарға ұяң ұнамайды,

Жігітке ұға білген бұ да қайғы.  
Сыйғызбай бәрімізді бір өлшемге  
Жетпей ме сынасаң да бір ағайды.

Кейде ашық,  
Кейде көңіл тұман шығар,  
Сындарлы сәті келсе бір аршылар.  
Тіл күрмеулі,

Және де қол байлаулы,  
Әйтпесе арты қып-қызыл лаң шығар,  
Ашып айтар болсақ шын ойдағыны  
Көңіл шіркін талайға құмар шығар.  
Ұялатып көңіліне күдікті ердің,  
Намысына шоқ салма жігіттердің.  
Қыран емес,

Бәрінің торғайлығын  
Қалай ғана, қалқам-ау, біліп көрдің,  
Жиырмадағы Жарқындар былай тұрсын  
Қырықта мен де талайдан үміткермін.

Өмір деген ұққанға сірә майдан,  
Қызуына талайлар шыдамай лаң.  
Жалындаған жанкешті жасты қойып,  
Қарттар қазір үміткер құралайдан.

## Құрбың әзілі

Айналдым, сұлу Семейім —  
Абайдың асыл Отаны.  
Көркінді немен теңейін,  
Маздаған жырдың оты әлі.

Жайқалған өрнек не түрлі,  
Әсем ед неткен аспаның.  
Абай мен Мұхтар секілді,  
Ұшырған сандуғаштарын.

Арнайы келдім алыстан,  
Көрсем деп елін ақынның.  
Достармен жаңа табысқан,  
Қауышып бірден жатырмын.

Риза пенде пейілге —  
Тосса да наның жарты үзім.  
Дастарқан жайып кең үйге,  
Әкеліп жатыр дәм-тұзын.

Жақсыда жаттық болып па —  
Жөнімді жан жоқ сұраган,  
Асылып жамбас, омыртқа...  
Қонақтық менің сыбагам.

Жайдары, жарқын жастары —  
Жатырқау деген жат мұлде.  
Дұманға тағы бастады  
Құрбыдай өскен нақ бірге.

Жігітке шіркін әр істе  
Керек-ақ екен ептілік.  
Тербелген әсем вальсте  
Бір құрбым мені кетті іліп.

Көркі ғой шіркін жиынның  
Әсем би,  
Асқақ ән деген.  
Тамшы бол мен де құйылдым,  
Тербеліп жүрміз сәнменен.

Бұл елдің жәйін кім білген,  
Аздан соң мен де төсепдім.  
Танысып та алдың құрбыммен —  
Жылқышысы екен осы елдің.

Сазымен әсем вальстің  
Билейміз,  
Тыным жоқ тегі.  
Несіне, құрбым, таныстым —  
Жанарың қандай отты еді.

Жұмбақ ой жанда шешілмей,  
Биіктеп кетті қиял-құз.  
Тетелес — Ертіс, Еслдей  
Бір жерге, бәлкім, құярмыз.

**Дегендей:**  
— Құрбым, сыр ұғын  
Көп келе бердім алдыңа.  
Асауга салар құрыңың,  
Маған да түсіп қалды ма.

Ылайым солай болғай-ақ,  
Жұмбагыңды енді қой, Айым.  
Ал, мен шүү асау болмай-ақ  
Үркүңца көне қояйын.

\* \* \*

Кір шалғандай көңіл көзі —  
Шар айнам,  
Қалам алмай кетіп едім талайдан.  
Оятқандай болдың тәтті үйқымнан  
Сенің қандай құдыретің бар, айнам!  
Жібергендей жеңілдетіп қынды —  
Сезім-нөсер сел-сел болып құйылды.  
Буырқанып сыймаған соң ішіме,  
Жырғып жаздым барлық көңіл күйімді.

Ұғар бәлкім,  
Ұқпас мұлдем еш пенде —  
Өз басынан кешпеген бар,  
Кешкен де...  
Сен бол келер сыйбызыңы,  
Сыр сазы  
Жалғыз жүріп жабырқаған кештерде.

Жұлдызымдай ашық аспан —  
Көгімде  
Сөзге сыймас көп суретің көңілімде.  
Ризамын аман жүрсөң алдымда  
Мені өлердей ғашық қылып өмірге,  
Ғашық қылып өмірге.

## Қинайды екен

Сал сезімнің қыл пернесін басып кіл,  
Терезеңнің бір пердесі ашық тұр.  
Тіл қата алмай,  
Тыңдата алмай үәжін,  
Екі көзі мұңға толы ғашық тұр.

Көңіл де жоқ —  
Жүретүғын тасып кіл,  
Зіл қара тас өр еңсесін басып тұр.  
Кекіректің күйге толы көп сырын  
Жеткізе алмай қинайды екен ғашық тіл.

## Менше сүй

Кешір, жаным,  
Айығып кетпесе де нала бойдан  
Адамын саған деген жаман ойдан.  
Өйткені мен өзінді тірліктегі,  
Бар тұғырдан биікте —  
Дара қойғам.

Дара қойғам —  
Мен білген биіктерден,  
Бар жалынын жанымның құйып бергем.  
Бұл қүйімді түсінер —  
Түсіне алса,  
Тек мендей сүйіп көрген,  
Күйіп көрген.

Кәрін төгіп тірліктің қысы барша,  
Қапа болған көңілдің қысы қанша.  
Қандай бақыт екі адам бірін-бірі  
Қалтарыссыз, қалтқысыз түсіне алса.

Ақ күн едім,  
Қылаусыз ақ түн едім,  
Сенен бағын көңілім тапты менің.  
Түсіне алсан,  
Өзімдей түсін, жаным,  
Түсінбесең менше күй, ақ тілегім.

Ақ тілеуім —  
Менше күй, күйсең егер,  
Нақ білерім —  
Менше сүй, сүйсең егер.  
Махаббаттың ләззатын, азабын да  
Менше сезіп,  
Дәл мендей күй шеге көр.

## Махаббат

Бас ұрмай үақыт атты өлшемге мен  
Өзінді баяғыша көрсем деп ем.  
Дөңбекшіп түн ұйқымды төрт бөлсем де,  
Ел сенген көп жайларға мен сенбегем.

Мен сені қия алмап ем қиянатқа,  
Ақ жүрекке құр құдік ұялап па.  
Сондықтан да өзінді іздел келдім,  
Іздел келдім міндім де қиял атқа.

Мас болып жастықпенен шалқып демде,  
Сырыңды ұқлай қалдым бөлкім мен де.  
Сейтсем сен «қақ махаббат, пәк сезімді»  
Жүріпсің үlestіріп әркімдерге.

Хіршіксіз бал сезімге қatalap тым,  
Өзіңмен бір арнада қатар ақтым.  
Бірақ сен ұға алмапсың құдіретін,  
Құдіретін мәңгілік махаббаттың.

Махаббат — асыл сезім кір шалмаған.,  
Махаббат — асқақ әуен, жыр самғаған.  
Қайталанып шығуы екіталай,  
Бар жаныңмен беріліп бір салған ән.

Сезім бар күй әуендес, жыр әуендес,  
Ол сезім өздігінен, сірә, келмес.  
Махаббат та соның бір көрінісі  
Ондай күй әр үақытта түа бермес.

## Көз алдыымда жүр, Гүлім

Алабұртқан көңілдің  
Астан-кестен құйыны-ай.  
Жан ауыртқан өмірдің  
Бастан кешкен күйін-ай.

Тұсау салған сезімге,  
Ауыр екен пендеге.  
Бейжай жүрген кезімде,  
Ұшырадың сен неге.

Шақ-шақ келем шынында,  
Өртенуге аз-ақ қап.  
Әлде бұл бір сының ба,  
Көрсем деген азаптап.

Тұсінерсің сен бәлкім,  
Тұсінбессің,  
Қайдам-ай.  
Ұға бермес мені әр кім —  
Жұмбақ жанмын,  
Айнам-ай.

Ең ауыр дерт —  
Сөз дерті,  
Тебірентер ақынды.  
Қойсам ба екен өзгертіп  
Ботакөз деп атынды.

Күй кеше алар ма екенсің,  
Сен де менің өзімдей.  
Тілдесе алар ма екенсің,  
Ұзақ таңға көз ілмей.

Түсінбесе ел бір-бірін,  
Аұырдың сол ауыры.  
Көз алдымда жүр, гүлім  
Тебірентіп тау ұлын —  
Мен үшін сол тәуірі.

Көзің қандай

Жан біткеннің бәрі де  
Сұлулыққа құштар-ау.  
Сені көріп, әрине  
Жүргімे түсті алау.

Көзің қандай,

Ботаның  
Көздеріндең тұл-тұнық.  
Махаббаттың от-әнін  
Тұрғандай-ау ұқтырып.

Мәлдір көзің,  
Қара қасың,  
Қабағың,  
Үлбіреген ерінің мен тамағың...  
Баурап алды,  
Жаулап алды еркімді,  
Не істе дейсің,  
Түсін мені, қарағым.

Қалай ғана ұнадым деп сұрадың,  
Бәлкім сөзден тосқың келді,  
Сынадың.  
Сұлулықты сүйе ме екен бөлшектеп,  
Ұқсаң етті, шыңға біткен шынарым.

Нысана ғой жалғыз тал шаш ағарған —  
Ақ жүзінді ашу үшін жарапған.  
Көрінесің арайланып алдыннан —  
Секілді бір алаулаған таң алдан.

# Мазмұны

## Бірінші бөлім

Ұлыммен әңгіме, немесе тұған жер туралы	
толғану . . . . .	7
Бір бүйігі Елімнің . . . . .	13
Сурет сырты . . . . .	15
Уақыт үні (Лирикалық поэма) . . . . .	17
Былғары етік . . . . .	31
Игі тілек (Толғай) . . . . .	33
Айтындаршы, Адамдар . . . . .	37
Октябрьді жырлаймын (Толғай) . . . . .	39
«Тыңды» оқығанда (Толғай) . . . . .	42
Шалқыма . . . . .	47
Шынымды айтсам . . . . .	50
Арқаға . . . . .	51
Шынарбек . . . . .	52
Үстаз . . . . .	55
Әке кеңілі . . . . .	56
Биші қайындар . . . . .	57
Таулар . . . . .	58

## Екінші бөлім

Уа, ағайын . . . . .	61
Сөз деген құдірет . . . . .	62
Жақсылық пен жамандық .	64
Жанымда кейде батады .	66
Өлеңді қайтып жазамын .	67

Мұрсат бер . . . .	68
Дәрігер . . . .	69
Мен ақынмын ба	70
Қыс . . . . .	71
Кейде бір . . . .	72
«Бірде кеншімін» .	73
«Көрмегелі» . .	74
Іздеп келем . . .	75
Соңғы қоңырау .	76
Шашу . . . .	78
Қасымға . .	80
Аққу ақын . .	81
Тілші . . . . .	82
Өлшем . . . . .	84
Бәрі де бізден қалады .	85
Сүйе қалсам . . . .	87
Көктем келді . .	88
Достарым-ау	89
Қандай бақыт .	91
Даралық . . .	92
Көрген түстей . .	93
Көңіл қартаймайды .	95
Мен қырықтамын . .	96
«Алтыным бар» . .	97
Шежіре тау . . . . .	98
Қимай кетіп барамын . .	100
Айналайын . . . . .	102
Самал көл . . . . .	103
«Өлең жазбайтын күндерім бар» .	104

#### Үшінші бөлім

Бұла дәүрөн . . . .	107
Жыл құсы . . . . .	109
Сағыныш . . . . .	110
Бақ құсым сен бе едің .	111

«Сен билеп жүрдің» . . . . .	112
Кектем . . . . .	114
Ботакөз . . . . .	115
Жас әже . . . . .	117
Махаббат балладасы . . . . .	118
Ақын қыздың өзіліне шын жауап . . . . .	121
Құрбы әзілі . . . . .	123
«Кір шалғандай көңіл көзі...» . . . . .	125
Қинайды екен . . . . .	126
Менше сүй . . . . .	127
Махаббат . . . . .	128
Көз алдыңда жүр, гүлім . . . . .	129
Көзің қандай . . . . .	131
«Мөлдір көзің» . . . . .	132

ЕСЛЯМ ЗИКИБАЕВ

БЕЛАЯ ГЛАДЬ

СТИХИ И ПОЭМА

Редактор А. Кадырбаева. Художник А. Шоинбаев.

Худ. редактор Т. Ордабеков. Техн. редактор М. Злобин.

Корректор С. Бектлеуова.

ИБ 1555.

Сдано в набор 04.03.80. Подписано в печать 26.08.80. УГ 14319. Формат 70×90/32. Бум. иллюстрационная. Журнальная рубленая гарнитура. Печать офсетная. Печ. л. 4,25. Усл. п. л. 4,97. Уч.-изд. л. 4,  
Тираж 5000 экз. Заказ № 407. Цена 65 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата 480046, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата пр. Гагарина, 93.